



ҰРПАҚТАРҒА ҒИБРАТ

**ҰРПАҚТАРҒА  
ҒИБРАТ**



---

«...Жамандық көрсең нәфрәтлі,  
Суытып көңіл тыйсаңыз.  
Жақсылық көрсең ғибратлі<sup>2</sup>,  
Оны ойға жисаңыз».

Абай

## ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРЫҚ ЖАН ӘКЕ

### Алғы сөз

Біздің әкеміз Ғали (Қали) Мұхамедияұлы Мұхамедиев — өзінің еңбек жолында “ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деген қағиданы толық дәлелдеп, осынау қасиетті жолға саналы ғұмырын арнаған тұлға.

Өмірде кей адамдарды «жұлдызы жанған» деп жатады. Біздің ардақты ата-анамыз да сондай жандардың қатарынан еді. Әсіресе, әкеміздің жұлдызды рухы көгімізде жарқырап, бізді жетелеп отыратындай, жолымызға өшпес сәуле, шуақты нұрын шаша түсетіндей... Ұлы Отан соғысының ардагері, 20-ға толмастан мұғалімдік қызметке кірісіп, тіпті зейнеткерлікке шыққан соң да жұмыс істеп, “Еңбек ардагері” медалімен марапатталды, (1977) балаларының бәріне (қалғаны — алтау) жоғары білім алуға мүмкіндік жасады.

Қазақ елінің білім беру жүйесін дамытып, әсіресе, қазақ балаларын тәрбиелеуге зор үлес қосқан ұстаз жиырма жасында Ертіс ауданында 1940 жылы жаңадан ашылған қазақ мектебіне басшылық етті.

Сондықтан әкемізді нағыз жұлдызы жанған жан болған деп есептей отыра, оның өнегелі өмірінен немерелері Болат, Нұрлан, Ғалымжан, шөберелері Данияр, Бағдат, Төмирис, Искандер тағлым алсын деген ниетпен кітап бетінде естелік өргенді жөн көрдік.

Балалары

---

1 нәфратлі (араб) — жиіркенішті


2 ғибратлі (араб) — үлгілі

## Сыр тарқатсын шежіре...

«Жеті атасын білген ер  
Жеті жұрттың қамын жер.  
Өзін ғана білген ер  
Құлағы мен жағын жер».

Мақал.

### ҚАНЖЫҒАЛЫНЫҢ ЖАҢА ШЕЖІРЕСІНЕН ҮЗІНДІ (2017 ЖЫЛ)





***Кәрім ата***



***Қасқырбай***



***Сансызбай***



***Оразбай***





**Қалым ата**



**Шәкар**



**Совет**



*Қали ата*



*Бағдад*



*Қажмат*



## **Ардақты ағамыз Ғалекең туралы естелік**

Біз тентек қанжығалы ішіндегі Ескене атамыздан тараймыз. Ескене атамыздан төрт ұрпақ болған: Жаназар, Тоғызбай, Наурызбай, Қойбағар. Біздің аталарымыз — Жаназардан, Ғалекеңнің аталары Тоғызбайдан тарайды. Менің әкем 1941 жылы Ұлы Отан соғысына кетті. Біздің балалық шағымыз көп қиындықпен өтті. Ол кезде қиындық көрген мен ғана емес, құрбы-құрдастарымыздың бәрінің балалық шағы бұралаңды болды емес пе.



Ол кезде туыстарды шешеміздің айтқан түсініктемелерімен ажырататынбыз. Біздің жанұямыз Ақкөлдің орталығында тұрып жатқанда Ғалекеңнің ағасы Кәрім ата Павлодар қаласынан Ақкөлге көшіп келді. Сонда менің анам бізге: «Бұл кісілер — біздің туысымыз», — деп түсіндірді.

1967 жылы мені «Екібастұз» кеңшарына жұмысқа ауыстырды. Міне, осы жылы Ғалекең ағамызбен танысып-білісіп, бір үлкен ақылды аға таптым. Бұл кезде Ғалекең ағамыз мектепте математика сабағын жүргізеді екен.

Сол жылдан бастап ағаның отбасымен таныстым. Бұл үйдегі жеңгеміз Шөкіжан көрікті, ақылды, он саусағынан өнері тамған шебер адам еді. Сосын бұл отбасындағы інілерім мен қарындастарымыз — Бағдат, Қорлан, Гуля, Нұршия, Саркен, Қажат туыстарыммен танысып-білістім.

Ғалекең ағамыз «Екібастұз» кеңшарының азаматтарымен, мектептегі мұғалімдерімен өте жақсы қарым-қатынаста және сыйлы болды.

Кейін басқа жұмысқа ауысуыма байланысты, мен совхоздан көшіп кетіп, Павлодар қаласында тұрдым. Ол кездері жиі кездесіп жүрмесек те, ағаймен сыйлас болдық.

1979 жылы мен «Екібастұз» кеңшарына директор болып қайта оралдым. Өз отбасым көшіп келгенше төрт ай Ғалекең ағайдың



---

үйінде жаттым. Содан Ғалекең ағамыз Екібастұз қаласына көшіп кетті. Өйткені балалары Екібастұз қаласында тұрады, жеңгей екеуіне от жағу және тағы басқа тұрмыстық шаруалар қиынға айналды. Мен қызмет бабымен Екібастұзға келгенде, ағайға сәлем беріп кететінмін.

1983 жылдың қараша айында барсам, ағамыз ауырып, төсек тартып үйде жатыр екен, өзі жүдеген. Мен жанында отырып, өткен-кеткенді әңгіме еттім, бірақ жағдайын көріп, көңілім босап, көзіме жас алдым. Сонда ағамыз маған ұрсып ақылын айтып: “Сен жылама, өлмейтін адам баласы болмайды. Мен өз өміріме ризамын. Ұлы Отан соғысынан аман-есен келдім, отбасымды құрдым, құдайға шүкір, балаларым бар, солардың қызығын жеңгең екеуміз көріп жатырмыз. Ал сенің әкең өмірдің және сендердің қызықтарыңды көрген жоқ, қырық жасында бақилық болды. Мен о дүниелік болсам, балаларым, сендер, туыстарым, мені елге апарып қоярсыңдар”, — деді.

Сонымен, ағамызды еліміз Ақкөл ауылы орталығындағы зиратқа апарып жерледік. Міне, осылай өмірдің, табиғаттың занымен асыл ағамыз бақилық болды. Алла Тағала иман байлығын беріп, орны жұмақтан болғай деп тілеймін.

*Барлыбай Қажымұратұлы*

## Жақсылық қалар жүректе



Қалым Мұхамедиев атамыз туралы көп білмейміз. Сәру апамыздың айтуынша: “Соғысқа 1941 жылдың шілде айында аттанады, кейіннен 1944 жылы “хабарсыз кетті” деген қаралы қағаз келген”. Сол қиын уақытта үш баламен қалған апамыз көппен бірге көргенін айтып отыратын. Соның ішінде ең ауыры — Шәкірат деген баласының ауырып қайтыс болғаны.

Сол кезде: “Менен көмек болсын”, — деп, Қали ата біздің әкеміз Шәкарды өз баласындай қолына алып, оқытады. Мектеп бітірген соң Шәкар бухгалтерлік оқу оқып, мамандық иесі атанып, өзі туған Новотроицк ауылына келіп, жұмыс істейді. Біраз жылдан кейін басқарушы болады. Өкінішке қарай, әкеміз 44 жасында науқастан көз жұмды.

Мен мектеп бітіріп, ер жеттім. Бұл жағдайда маған қамқорлық жасаған Қали ата еді. Екібастұз қаласындағы медицина училищесіне оқуға түсуге көмек берді. Демалыс күндері жатақханада ешкім қалмайтын. Жақын жерден оқығандар үйлеріне кететін, маған Новотроицкіге барып-келу үшін екі күн жолға кетеді, сондықтан мені «Екібастұз» кеңшарына машинамен алып кететін. Қали ата менің жүрегімде өте мейірімді, маңғаз, жүрегі жұмсақ, жан шуағы мол адам ретінде қалды. Қали атаның жақсылығын ешқашан ұмытпаймын. Барлық туған-туыстарға, өсіп жатқан ұрпақтарға денсаулық, жақсылық тілеймін.

*Бағжан Қалымова*



## ЕРДІҢ СӘНІ – БІЛІМ

Өмірін ұстаздық жолға арнаған Ғали Мұхамедиев аса ізденімпаз, жігерлі еді. Арабша сауатты, сабақты орыс-қазақ сыныптарына бірдей беріп, латын тілінде оқып-жаза білгені анық. XX ғасырдың 20-шы жылдарында білім алып, қазақ қоғамының саяси жағдайына белсене араласып, аянбай еңбек еткен педагог. Біздің әкеміз — Ғабит Мүсіреповтің “Оянған өлке” романында суреттелгендей, қазақ даласында мектеп арқылы білім шырағын жаққан жастардың алғашқы легінде болған ұстаз. Қазақстан халық ағарту ісінде айтарлықтай маңызды із қалдырған.

Күндіз балаларын мектепте оқытса, ересектерді (сол кездегі саясат бойынша) кешкі мектепте сағат 9-10-ға дейін оқытатын. Ауылымыздың орталығында ғана емес, бөлімшелерге де барып сабақ беретін.

Ғали Мұхамедиевпен 30 жылдан аса кеңестік партия қызметінде істес болған Ұлы Отан соғысының батыры Махмет Қайырбаев ол туралы былай деген екен: “Мұхамедиев облыстық партия комитетінің мектептер бөлімінде нұсқаушы еді, 1949 жылы Бесқарағай ауданының Беген орта мектебіне директор болып бекітіліп келді. Ұзақ жылдар ұстаздық еткен Ғали математика пәнінен сабақ берді. Осы мектепте менің қарындасым Заркен Қайырбаева оқитын еді. Ол Беген орта мектебін алтын медальмен бітірді. Ғалекеңнің шәкірті, техника ғылымдарының кандидаты, қазір Алматы қаласында тұрады” (“Сарыарқа самалы”, 27 маусым 1996 жыл).

Елге танымал, ғылым, өнер жолын қуған мен білетін түлектері: Қайрат Хамитұлы Смағұлов, Екібастұз қаласының Құрметті азаматы; Нағима Сапарқызы Қуанышева, Екібастұз қаласының № 26, “Зерде” мектептерінің басшысы болған; Байболат Абайұлы Әубәкіров, сазгер, академик, экономика ғылымдарының докторы; Тәттім Егінбайұлы Шәйкенов, биология ғылымдарының кандидаты, АҚШ-та қызметте; Төлеутай Бөдешұлы Әқішев, математика ғылымдарының кандидаты, ЕИТИ-дің оқытушысы; Бахриден Әділұлы Төлеубаев, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, а.ш. ғылымдарының кандидаты,

аға ғылыми қызметкер, Халықаралық «Экология» академиясының корреспондент-мүшесі, ПМУ-де оқытушы; Рашид Абдоллаұлы Рахметов, КСРО Суретшілер одағының мүшесі, СМУ-де дәріс береді, т.б.



Суретте: Ғалидың баласы Бағдатпен 1954 жылы түскен суреті.



Ғали 1912 жылы Павлодар уезі Қызыл ағаш болысында (қазіргі Екібастұз ауданы) Шыған ауылында туған. Алғашқы ұстазы — Павлодар уезіне аты әйгілі Соқыр Қари, ол құранды жатқа білетін.

Соқыр Қаридың медресесінде оқыған шәкірттер халық алдында молдалық сауатымен, құранның әр әрпін, әр сөзін, әр сөйлемін мүдірмей айтып беретін. Шығыстың классикалық поэзиясына негізделген тәджуидты меңгерген ерекше сауаттылығымен көзге түскен. Қаридың тұңғыш шәкірттері атақты Ибрагимов Құсниден молда, Бейсеке молда, тіпті ең бергісі Сыздықов Есмұқан (1917), Ахметов Мұфты (1918) молдалар шәкірттері құрандағы кәляі тәртіптің аяттарын тәджуидпен оқитын болған.

Екінші ұстаздары Ғалидың діни білім алуына себепкер болған атасы Сарман қажы мен Досжан қажылар еді. Сарман қажы өз заманында өте жоғары сауатты әрі сопы, аса діндар болған, ол Меккеге әйелі Ұнқармен бірге аттанған.

Қызыл ағаш болысынан Сарманмен бірге Меккеге қажылыққа 12 адам барады. Сарман Меккеден үй сатып алады. Меккеде Сарман да, әйелі Ұнқар да қайтыс болады. Артынан Досжан Меккеге қажылыққа барады. Әкесі Сарман қажының үйін, мүлкін жалдап

---

алып қалған адам «қалдырған мүлкі» деп, кітабын береді. Оның үстіне тымағын, дәлел қайрат Қара жабу — үшеуін (Кіші хажыға) Досжанға береді. Сарман Досжан қажы әкесінің асыл мұрасын сақтап, үйін жүдетпей, өз үйіндегі ұстаған адамға қаражат беріп, рахмет айтады.

Сөйтіп, Меккеден Сарман қажы сатып алған үй Құнанбай қажы арнайы салған үй сияқты, Меккеге барғандарға қонақ үй болып қалады. Бұл әңгімені «Шідерті» совхозында тұрған Әубәкір ақсақал айтқан еді.

Ғалидың үшінші ұстазы 1921 жылы ашаршылықта Уфа, Қазан жағынан ауып келген ноғай молдасы Сабырман болады.

«Тек содан кейін ғана нағыз ыждахат-ынтамен оқу жолына түстік», — дейтін еді Ғали мұғалім.

Ғали Семейде педагогикалық училищені бітірді. 1939-1940 жылдары Ертіс ауданындағы ең үлкен үлгілі мектеп — Октябрь жетіжылдық мектебінде математикадан сабақ береді. 1940 жылы Ертіс ауданы орталығында тұңғыш рет қазақ орта мектебіне арнап мектеп үйі салынады. Бұл мектепті салуға әрі мұрындық, әрі ұйымдастырушы болған, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Ертіс аудандық атқару комитетінің председателі Әмірхан Бурин болады. Мектеп құрылысын Омбыдан Павлодарға шақырылған құрылыс саласының кәсіби мамандары жүргізеді. Параходпен Омбыдан тасылған күйдірген кірпіш пайдаланылды, оны көзіміз көрді. Мектеп үйі екі жылда жедел салынып бітті. 1940 жылы 1 қыркүйекте мектеп салтанатты түрде ашылып, оның кілті осы мектепке директор болып тағайындалған Ғали Мұхамедиевке табыс етілді. Ғали мектепке — математик, Боранбай Әдиев — тіл маманы, Көкетай Сейітов — биолог, Жамали Аманбаев — тарихшы, Қайдар Қожимов сынды білікті ұстаздарды таңдап алды, мен де осы мектепте орыс тілі және әдебиетінен сабақ бердім. 1941 жылы шілдеде Ғ.Мұхамедиев, Қ.Сейітов, Ж.Аманбаев, Қ.Қожимовтар майданға аттанды, мен мектеп директоры болып қалдым. Сол жылы мектебіміз Ертіс қазақ орта мектебі болды. X класс оқушыларының кейбірі әскерге алынды, қалғаны облыстық мұғалімдердің үш айлық курсына іріктеліп жіберілді. Майданның тылдағы ауыр жылдары

---

басталды. Ғали Мұхамедиев Ұлы Отан соғысын (1941-1945) қан кешіп, мұз жастанып өткізіп, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдарын тағып, еліне жеңіспен оралды. Ол 1945-1949 жылдары облыстық партия комитетінде жауапты қызметте болды.

1949-1954 жылдары Бесқарағай ауданы Беген орта мектебінің директоры, 1954-1960 жылдары Кривинка орта мектебінің директоры болып, педагогтар ұжымдарын басқарды. 1960-1966 жылдары Тіленшин орта мектебінің директоры болып, көрнекті іс атқарды. Ғали тек ойы орайлағ, малы қоралас орыс, болгар, неміс азаматтарымен ғана емес, ауданның барлық мұғалімдерімен, замандастарымен тату-тәтті, ашық-жарқын өмір кешті. Ол қазақ мектебінің дамуы, гүлденуі үшін жан аямай, бар білім, қабілетін қызметіне арнады.

Ол бар болмысымен, әдет-ғұрып, салт-санасымен ұлтының тіліне, дініне құлай білген азамат еді. Ол өзі математика-физика пәні мұғалімі болса да, ән-күйге, көркемөнерге құмар, қазақтың көркем әдебиетін бас алмай оқитын мұғалім болды. Көп жылдар бойы жақын білетіндіктен, оның бойынан көрген-танығандарым мынау: біріншіден, Ғали мектептегі ән-күй, хор-драма үйірмелеріне аса зор мән беретін, өзі мандолинмен қазақтың классикалық ән-жырларын, халық өлеңдерін, би саздарын келістіре тартатын, тіпті Естайдың әндерін нақышына келтіріп айтатын. Екінші бір топшылауым, Ғали Мұхамедиев төрт құбыланы түгел парасаттайтын, ана тілін ерекше пір тұтатын, өзі әр сөзін алтын-күміс өлшегендей салмақтап, ойын қысқа, мағынасын терең, тіпті математикалық есеп шартындай етіп айтушы еді. Өзімен әңгімелесіп отырған адамның сөйлеу мәдениетінен тілі орамды, ойы ап-айқын болғанын үнемі күтіп отыратын. Қазақ тілінің аса бай тіл екенін талай рет әңгіме еткені әлі ойымда жаңғырып тұрғандай.

“Мен Семейде математика-физика мұғалімдерінің қысқа курсында оқып жүргенімде атақты жазушы Мұхтар Әуезовтің Абай творчествосы туралы үш сағаттан аса лекциясын тыңдадым. Өзімше ана тілінде ауыздыға сөз бермейтін ділмәрмін деп қоқиып жүруші едім, шынымды айтсам, Мұқаңның лекциясынан кейін тілден шорқақ екенімді сездім. Сол сәт тіл өнерінсіз, тілсіз еш



ғылымды баяндау, түсіндіру мүмкін емес”, — деген Ғалекеңнің сөзі ойға оралады.

Үшінші түйгенім: Ғали мектептегі шәкірттерге ұйымдастырылған барлық үйірмелерге ерекше назар аударатын, оның байыптауынша, «қазақ мектептерінде ән-хор үйірмелері, мейрамдар, дайындықтар ерекше ынтамен жүргізіледі». Өйткені қазақ — сауықшыл, өнер десе ішкен асын жерге қоятын халық.

Ертіс қазақ мектебінде домбыра-манголин, ән-күй, хор үйірмесін математика мұғалімі Боранбай Әдиев жүргізетін. Ғалекең Әдиевтің қоғамдық ісіне өте ризашылық білдіріп, оны өзге ұстаздарға үлгі етіп отыратын.

Ғали Мұхамедиев өмірінің ақырғы кезеңінде қазақ мектептерінің жаппай жабылып, ана тілі ауызекі сөйлеуден қалып бара жатқанын көзбен көріп, бірақ қазақ мектептерінің келешекте қайта гүлденуіне үміт артумен 1983 жылы дүние салды.

Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған, алғашқы қазақ мектептерінің директоры болған, ана тілін асқақтатқан ұлағатты ұстаз, соғыс және еңбек ардагері Ғали Мұхамедиевтің елі үшін атқарған ісін ескере отырып, Екібастұз орта мектебіне оның есімін берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

*Ханафия Асқаров*



На снимке: Встретились первый директор Иртышской СШ №2, ветеран Отечественной войны Г. Мухамедиев и его ученик, нынешний директор школы К. Ауталипов.



---


## **Живы традиции**

Полувековой юбилей стал большим праздничным событием в истории Иртышской средней школы №2. Никогда еще в ее стенах не собиралось столько людей, так или иначе связанных с ней: постаревшие учителя: повзрослевшие ученики. Какими бы жизненными дорогами они не шли, как бы не сложились их судьбы, благодарная память привела их сюда через десятки лет. Много радостных волнений испытали бывшие питомцы школы, встретившись с первым директором этой школы

Г. Мухамедиевым, со своими бывшими учителями М. Сатыбалдиной, В.С. Выборновой, К. Оспановой. Эта встреча стала своеобразным жизненным отчетом выпускников школы всех поколений.

Имена многих из них, таких как Ахметов, С. Молдакасов, К. Аманжолов, и других, известны в области и вошли в летопись школы «Традиции заложенные старшими поколениями выпускников, живы», — заверил собравшихся директор Иртышской средней школы №2, кавалер ордена Ленина Кабыкен Ауталипович Ауталипов.


*Г. Жаманбаимов, г. Иртышск.  
Павлодарская область.*



Студенттік кез



Жастық шақ



Баттай тәтәміз (2-катар ортасында)




Әріптестерімен (Қали Мұхамедиев 1-қатарда оң жақтан екінші)

## ЕЛДІҢ БӘРІ ЖАҚСЫ, – ӨЗ ЕЛІ БӘРІНЕН ДЕ ЖАҚСЫ

1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысына біздің әкеміз Ертіс ауданындағы №2 қазақ мектебінің директоры бола жүріп Ертіс аудандық әскери комиссариатынан аттанады. Әкеміздің екі ағасы да майданда болып, отан қорғаған. Кәрім ата мен Қалым ата соғысқа Куйбышев (қазіргі Ақтоғай) аудандық әскери комиссариатынан аттанады.

Өкінішке қарай, Қалым атаға “хабарсыз кетті” деген қағаз келді. Кәрім ата мен біздің әкеміз Қали 1945 жылы жеңіспен үйге оралды. Анкетасы бойынша біздің әкеміз 1941 жылдың тамыз айынан 1942 жылдың қыркүйек айына дейін Карелия майданында, ал 1942–1945 жж. Калинин және Балтық бойы майдандарында соғысыпты.

Қан майданда ол зеңбірекші болды.





Командующий артиллерией 48  
Армии Гвардии Генерал-Майор Ар-  
тиллерии Щеглов

Начальник штаба Артиллерии  
Армии Полковник Медведев

Начальник ОК УКРАТ 48 Армии  
Гвардии Майор Табачук

19 августа 1944г.

Отп.4экш


№1-2-ОК Армии

№3-ОК УКРАТ ППФ

№4 в дело

Исп.Мешеряков

Кн.19, 8, 44



Приказ

Артиллерии 48 Армии 1-го При-  
балтийского Фронта

О награждении личного состава  
— 21 августа 1944 г. №-043 Дейст-  
вующего Армии

От имени Президиума Верховно-  
го Совета Союза ССР, за образцовое  
выполнение боевых заданий Коман-  
дования на фронте борьбы с немец-  
кими захватчиками и проявленные  
при этом доблесть и мужество НА-  
ГРАЖДАЮ:

Орденом Отечественной Войны  
Второй Степени

Сержанта Мухамедиева Гали За-  
местителя командира орудия 618  
Зенитного артполка 46 Зенитной  
Артдивизии РКК.

ОТГРАДОВОЕ ДЕЙСТВИЕ

219

1. 30 июля, в 10 ч. 30 минут - МУХАМЕДОВ РАШИД.
2. В 10 ч. 45 минут - В. ДОЛЖНОСТЬ, часть 4-го командира взводного ору-  
дия 608 артиллерийского артиллерийского полка ИСА 45 1944 г.  
Предоставляется к ордену "КРАСНОГО ЗНАМЕНИ".
3. 4. 1944 года, 1912, 5-й номер - 1944 г.
4. 1944 г. в 10 ч. 45 минут, 5-й номер - 1944 г.
5. 1944 г. в 10 ч. 45 минут, 5-й номер - 1944 г.
6. 1944 г. в 10 ч. 45 минут, 5-й номер - 1944 г.
7. 1944 г. в 10 ч. 45 минут, 5-й номер - 1944 г.
8. 1944 г. в 10 ч. 45 минут, 5-й номер - 1944 г.
9. 1944 г. в 10 ч. 45 минут, 5-й номер - 1944 г.
10. 1944 г. в 10 ч. 45 минут, 5-й номер - 1944 г.
11. 1944 г. в 10 ч. 45 минут, 5-й номер - 1944 г.
12. 1944 г. в 10 ч. 45 минут, 5-й номер - 1944 г.

... ..

В 11 ч. 15 минут артиллерийский взвод ИСА 45 вступил на прямую на-  
водку в районе д. Ил-дзы. По указанию командира охотничьего батальона  
батальон борца Мухамедов вместе со своим охотничьим батальоном  
и в составе артиллерийского взвода и героично артиллерийского  
войска. У одного орудия вышел из строя заводчик. Простывши  
оказавшие охотничьи подразделения и готовился к контр-атаке.  
Весь взвод старался подавить батареи. После охотничьего арти-  
ллерийского выстрела противника бросился в контр-атаку. Пертог в ор-  
дине разрывов орудий пробравшись к орудиям изменил заводчика.  
Прекращаясь на мгновение огонь орудий возобновился. Шертово-  
ские орудия, вместе с командой пертога к врагу била тачка по це-  
ли. Контр-атака врага исключилась. В 11 ч. 45 минут в третья  
контр-атака. В 12 часов охотничьи бое провалили исключитель-  
ную стойкость. В 12 часов артиллерийские с самоотверженно, пертог  
оказал Мухамедов участившимся мелкокалиберное винтовочное ору-  
жием в 25 минут.  
Серият Мухамедов достояла награждена правительственной наг-  
рудной орденом "КРАСНОГО ЗНАМЕНИ".



КОМАНДА  
ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ

(ИЗУМ.)

... .. 1944 года.



## Наградной лист


11 августа батарея капитана Рябчун стала на прямую наводку в районе д. Маланы. Перед ожесточенным боем парторг батареи сержант Мухамедиев обошел всех бойцов и еще раз напомнил им о силе русской артиллерии и героизме артиллеристов.

Бой начался. У одного орудия вышел из строя наводчик. Противник оказывал ожесточенное сопротивление и готовился к контратаке;

Всеми силами старался подавить батарею. После ожесточенного арт. обстрела пехота противника бросилась в контратаку. Парторг в огне разрывов снарядов пробравшись к орудию заменил наводчика.

Прекращённый на мгновение огонь орудия возобновился. Смертоносные снаряды, вместе с ненавистью парторга к врагу, били точно по цели. Контратака врага захлебнулась. Были отбиты вторая и третья контратака. В 5,5 часовом ожесточенном бою проявляя исключительную стойкость и героизм, граничащие с саможертвованием, парторг сержант Мухамедиев уничтожил малокалиберное зенитное орудие, станковый пулемет и 55 фашистов. Сержант Мухамедиев достоин награждения правительственной наградой орденом «КРАСНОГО ЗНАМЕНИ».





Медалью «За отвагу» награждается Мухамедиев Гали за личное мужество и отвагу, проявленные при защите социалистического Отечества и исполнении воинского долга.

Медаль «За отвагу» учреждена Указом Президиума Верховного Совета СССР от 17 октября 1938 года. Медаль является высшей советской медалью и располагается при ношении перед остальными медалями.



1. Орден Отечественной войны II-степени (№ 263376, 1943 г)
2. Орден Отечественной войны II-степени (№4197669, 1985 г)
3. Медаль «За отвагу» (№536462, 1943 г)
4. Медаль «За Победу над фашистской Германией в ВОВ 1941-1945г» (№ 0266105, 1946 г)
5. Юбилейная медаль «20-лет Победы в ВОВ 1941-1945г» (№ 8246345, 1966 г)
6. Медаль «Ветеран труда» (1978 год)
7. Юбилейная медаль «За Доблестный труд. В ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина» (1970 г)
8. Юбилейная медаль «30-лет Победы в ВОВ 1941-1945гг.» (1977 г)
9. Юбилейная медаль «60-лет Вооруженных сил СССР» (1978 г)
10. Медаль участника ВСХВ СССР (№ 034791, 1958 г)

Наш отец был не просто артиллерист и командир орудия, а еще зам. по полит части батареи. Обязанности, которые выполнял наш отец: Командир артиллеристского орудия должен знать устройство и правила эксплуатации военной техники, приборов видения, уметь ориентироваться на местности, пользоваться топографической картой. Должен отработать свои действия и действия номеров расчета с учетом необходимости взаимозаменяемости в сложной боевой обстановке. Является непосредственным начальником боевого расчета, руководит им в повседневной жизни и во время боя при введении стрельбы с закрытой огневой позиции или прямой наводкой по целям противника. И в такой боевой обстановке наш отец проявил мужество и был представлен своим командиром к награде «Орден Красного Знамени».

## Бессмертный ПОЛК



### Мухамедиев Гали Мухамедиевич

Родился в 1912 году в Экибастузском районе, селе Акколь. Окончив казахский педагогический институт, начал работать в Иртышском районе, учителем математики. В свои 20 лет он был директором новой казахской школы № 2. В 1939 году его призвали в армию. Участвовал в военных действиях Великой Отечественной войны. Получил орден Красной звезды и орден Великой Отечественной войны 2 степени. Также ему были вручены медали за освобождение Берлина и Варшавы, участник боевых действий на Курской дуге. В сентябре-октябре 1945 г. участвовал в русско-японской войне. В 1947 году, после окончания войны, вернулся в Павлодарскую область, работал заведующим учебной части отдела образования Павлодарской области. Через 3 года он, как член Коммунистической партии Советского Союза, был направлен в село Беген, Восточно-Казахстанская область, Бескарагайский район. Работал директором школы в селе Кривинка. В 1960 году был переведен в совхоз Рассвет (Павлодарская область, Актогайский район) директором школы. В 1963 году после гибели ребенка, он уезжает в Экибастузский совхоз работать



директором средней школы. В 1972 году после выхода на пенсию остается там же, но уже работать учителем математики. Умный и талантливый Гали Мухамедиев вел уроки на казахском и русском языках и хорошо писал на арабском языке. Глубокоуважаемый односельчанин и любящий отец дал высшее образование всем шестью детям.

У нас сохранилась старая запись о том, как наш отец и дед совершил подвиг: «11 августа батарея капитана Рыбчун стала на прямую наводку в районе д. Маланы. Перед ожесточенным боем парторг батареи сержант Мухамедиев обошел всех бойцов и еще раз напомнил им о силе русской артиллерии и героизме артиллеристов.

Бой начался. У одного орудия вышел из строя наводчик. Противник оказывал ожесточенное сопротивле-

ние и готовился к контратаке, всеми силами старался подавить батарею. После ожесточенного артобстрела хохота противника бросилась в контратаку. Парторг, в огне разрывов снарядов провалясь к орудию, заменил наводчика.

Прекращенный на мгновение огонь орудия возобновился. Смертоносные снаряды вместе с ненавистью парторга к врагу били точно по цели. Контратака врага захлебнулась. Были отбиты вторая и третья контратаки. В ожесточенном бою, проявляя исключительную стойкость и героизм, граничащие с самопожертвованием, парторг сержант Мухамедиев уничтожил малокалиберное зенитное орудие, станковый пулемет и 55 фашистов».

22 ноября 1983 года нашего отца, учителя и участника Великой Отечественной войны не стало. Он был похоронен в родном селе Акколь, рядом с родным братом и другими родственниками. Вот уже в течение тридцати лет, раз в год, каждое девятое мая мы ездим к нему на могилу, хотим чтобы его внуки не забывали своих дедов, которые принесли победу для их светлого будущего.

Дети и внуки



Темірлан, Дархан



Ғалымжан, Даргүл, Бағдат, Тамиріс



Сағынтай

## ЕҢБЕК – АДАМНЫҢ КӨРКІ, АДАМ – ЗАМАННЫҢ КӨРКІ

«Ғали Мұхамедиев 1945—1949 жылдары облыстық партия комитетінде жауапты қызметте болды. Оның өмірі туралы зерттеп жазғанда бірнеше түрлі құнды сипаты бар екенін түсіндім. Онын ішінде бүкіл өмірін, тәрбиелік істерін советтік өмірді жырлауға бағыштаған ұстаз» — деп жазады кітабында Ханафия Асқаров. Біздің әкеміз — советтік заманды жан — тәнімен сүйген адам. Жаңа заманның әр жетістігін қуана қарсы алып, өз қызметінде аянбай еңбектенген.

1980 жылы Екібастұз қалалық партия комитетінде жұмыс істеп жүргенімде, бірде кабинетімде архивқа тапсыратын құжаттарды тексеріп архив бастығы Гоенко Зинаида Петровна отырған. Жұма күні еді, жұмыс уақыты біткен. Кабинетке әкем кіріп келді, өйткені жұма күні Гуля екеумізді ауылға алып кетуі керек-тін.

Зинаида Петровна: «Ғали Мұхамедияұлы, сіз мені таныдыңыз ба?» — деп қолын беріп амандасты. Кезінде обкомда бірге қызметте болған екен. Біраз сол уақытты еске алып, әңгімелесіп отырды. Сол

кезде бірге жұмыс істеп жүрген адамдармен туыстай болып кететінімді мен білмеппін, енді ғана байыбына барғандаймын. Зинаида апай да мені өз қыздарымен



таныстырып, Таня мен Оля маған ерекше ілтипат танытатын болды.

Коммунист болған адам, сол кездегі саясат бойынша ауылдағы

мектептерге мұғалімдер жеткіліксіз деген соң 1949 жылы Бесқарағай ауданы, Беген ауылының мектебіне барып, қызметке кіріседі.

1949-1955 жылдары Бесқарағай ауданы Беген орта мектебінің директоры, кейін сол аудандағы Кривинка ауылында 1960-



шы жылға дейін мектеп директоры болды. 2016 жылдың қыркүйек айында біз Қорлан, Төлеген үшеүміз Бесқарағай ауданы Беген мектебінің 100 жылдық мерейтойына барып қатысқанбыз. “Қали Мұхамедияевтің балалары деп естігесін келдім, сол ұстаздың оқушысы едім», — деп Тельман деген кісі әңгімесін айтты”. «1950 жылы мектеп-интернаты болып, (біз бір сыныпта үш Тельман оқыдық) мұнда соғыстан келмеген адамдардың балалары оқитын болды. 120 оқушыға орын дайындалған. Ғали Мұхамедияұлы рұқсат сұрап, тағы 30 балаға орын тауып, интернатқа тұрғызды. Өйткені соғыстан мүгедек болып келгендер, жұмыс істей алмай, отбасылары қиындық көріп, балаларын асырауға мүмкіндіктері жоқ адамдарға көмек болсын деді. Құрбы-құрдасымен бірге оқысын, бірге тұрсын деген дұрыс түсінік болды”.

Тельман ағаның өзі осы мектептен зейнеткерлікке шыққан екен. Бізге әке-шешеміздің тұрған үйін, бұрынғы мектеп орнын көрсетіп, әңгіме айтты.

100 жыл ішінде мектепті 17 директоры басқарған екен.

“Мектеп басқару — тұтас педагогикалық, күрделі жүйе. Мектеп басқару үшін шешім қабылдауға бағытталған белгіленген мақсатқа байланысты басқару нысанын ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған шынайы ақпарат негізінде талдау жасап, нәтижесін, қорытындысын шығаратын қабілет болуы керек.

Ел басқару ережесі — әр адамды ынталандыра білу. Есімі де, шешімі де өнеге үлгісіндей болып халық құрметіне бөлену — екінің бірі еншілей бермейтін абырой. Сонымен бірге, мұндай абырой біреуден сатып алатын немесе тартып алатын дүние емес, өмірдегі жүріп өткен жолының нәтижесіне байланысты.

Мектептің қазіргі басшысы — Айнаш Бейсенова. Мерейтойды өте жақсы дайындаған екен. Бізді өте үлкен құрметпен қарсы алды.

Қазір мектепте жақсы, ауқымды мұражай ашылған екен, соның ішінде өзіміз көрмеген суреттерді тамашаладық. Сол кезде оқыған Қ.Х. Смағұлов — Екібастұз қаласының Құрметті азаматы, көп жылдар абыройлы қызметте болған, қазір зейнет жасында болса да, «Нұр Отан» партиясының мүшесі ретінде қоғам жұмысынан қол үзбей келеді.



Қайрат Хамитұлы былай деп еске алады:

Мен, Смағұлов Қайрат Хамитұлы (мектепте Хамитов Қайрат — аттестатты рәсімдегенде архивтың құжатынан түзетіп жазған), Мұхамедиев Ғали мұғалімді 1950 жылдың 1 тамызынан білемін. Беген мектеп-интернатының директоры болатын, керемет оқу жүйесін басқара білетін ұстаз еді. Бесқарағай ауданы бойынша жалғыз бюджеттік интернат еді. Жоспар бойынша 120

баланың орнына 150-ден аса бала алынушы еді. Соғыстан кейінгі жылдар көп нәрсе жетпейтін уақыт, мектепті, интернатты керек-жарақпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету оңай емес еді. Тек қана Ғалекеңнің абыройымен, үлкен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында іске асты деп ойлаймын. Ол кісінің сабақ жүргізу әдістемесі бізге ерекше ұнайтын.

Мектеп-интернаттың жанында неше түрлі өсімдіктер өсірді, өйткені мектеп учаскесі болды, онда 100-ден аса өсімдік түрі өсетін. 1955 жылы 8 шаршы метрлік екі бөліктен тұратын үлескіде жүгеріден 600 ц көк майса алынып, Бүкілодақтық ауылшарушылық көрмесіне ұсынылды. Осының бәрі Ғали Мұхамедияұлының ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесі еді.

Ғали Мұхамедияұлы лауазымына қарамай, Ұлы Отан соғысының ардагері, өте кішіпейіл болып, өзінің керемет тәрбиеші екенін Кривинканың мұғалімдері, ата-аналары, оқушылардың алдында паш етті. Кривинканың үлкен-кішісі, барлық қауым ол кісіні және Шөкіжан жеңгейді қатты сыйлады.

Тағы да бір әңгіме: «Қайрат, сен өзіңнен әлдісің, тағы екі бала тап, жаз бойы жүргенше ақша табыңдар», — деп, біз бір айдан артық орман шаруашылығынан мектепке отынға жүк машинасымен қарағай тасыдық. Ол кезде колхозда ақша жоқ (трудодень) — ақшаны бір көріп қалдық. Ол да бір Ғалекеңнің үлкен қамқорлығы болды.

1961 жылы институт бітіріп, министрліктің жолдауымен Краснокутск ауданы Чкалов атындағы кеңшарға мал маманы бо-





лып қызметке орналастым. Бір күні кешкілік мал аралап келсем, Ғалекең біздің көшіп келгенімізді естіп, іздеп келіп кетіпті. Ол кісі 25 шақырым жердегі “Рассвет” деген кеңшарда орта мектеп директоры екен. Ол да бір кісінің дарқан мінезі. 1972 жылы Мұхамедиев Ғалиды үлкен құрметпен зейнеткерлікке шығарып салдық.

Ол жұмыс жағдайында, әсіресе, жергілікті халықпен қарым-қатынаста ақыл-кеңесін аямаушы еді.

Ғали Мұхамедияұлы мен үшін ұстаздардың ұстазы, бірі емес, бірегейі еді.

*Қайрат Хамитұлы Смағұлов, 14 сәуір 2016 жыл,  
Беген интернатының 1950-1956 жылдардағы оқушысы,  
Екібастұз қаласының Құрметті азаматы*

### **1943-1952 жылдардағы ұстаздар қауымына естелігім**



Ұстаз! Құдіретті де ұлы сөз. Ұстаз атаулыға бәріміз өмір бойы қарыздармыз. Мектептің тарихын көптеген есімдер, яғни, ұстаздар жасайды. 1943-1952 жылдары Беген орта мектебінде оқып, оны бітірдім. Шамамен 1949 жылдан бастап көп жыл мектеп директоры болып Қали Мұхамедиев қызмет атқарады да, кейіннен Кривинка мектебін басқарған екен. Жобамен 1936-1950-ші жылдар аралығында Беген ауылында жетім балалар үйі болатын. Жетім балалар үйін басқа жерге ауыстыруына байланысты, 1950 жылы Беген орта мектебінің жанынан интернат ашылып, аудандағы қазақ ауылдарының балалары және жетім балалар үйінің тәрбиеленушілері келіп тұрды.

Интернат жатақханасы екі үйде орналасты, бірі — мектеп ауласында, екіншісі ауылдың зиратқа баратын жолының сол жағында-

ғы қоңыр үй еді. Бұл үй кейін мектепке жақын көшіріліп, оқу шеберханасы етіп пайдаланылды. Интернатта тұрып, мектепте сабақ оқып, оны ойдағыдай бітірген көптеген мектептің түлектері еліне елеулі, мемлекетке қажырлы еңбегімен сан алуан саланың мамандары, елдің қадірлі азаматтары болып шықты.

Аты бүкіл республикаға, облысқа мәлім Беген орта мектебінің жанында оқу-тәжірибе учаскесі болатын. Учаскеде өсімдіктердің көптеген түрлері өсіріліп, тәжірибені ұстаздың басшылығымен мектеп оқушылары жаз бойы жүргізетін.

Учаскедегі тәжірибе жұмыстарының көрсеткіші жоғары болып, Москвадағы Бүкілодақтық көрмеге жіберген жұмыстарымыз жақсы баға алды.

*Телман Рахымқанұлы Байғожин (Жыңғылбаев),  
Павлодар қаласы, 2016 жыл,  
“Ғасыр жемісінің мерейі” кітабынан*





Беген мектебінің  
учаскесі, 1950 ж.



бәрінен өзінің тәрбиесімен қалыптасып келеді.  
Міне, сол өмір жолдарын өнегемен ұластыра қалыптастыратын  
ардагер ағаларымыз туралы сөз болмақ.  
Осы уақыттарда болған мектеп директорларының тізімі:



1916 - 1920 ж. Әділханов Әбдікәрім  
1933 - 1934 ж. Байбосынов Хамза  
1934 - 1935 ж. Әділханов Миғау  
1935 - 1937 ж. Сүтменов Өмірбек  
1937 - 1945 ж. Дәуренбеков  
1945 - 1949 ж. Айдарғалиев Ермұханбет  
1949 - 1953 ж. Мұхамедиев Қали  
1953 - 1958 ж. Матаев Хафиз  
1958 - 1962 ж. Жартыбаев Омархан  
1962 - 1964 ж. Кәрібжанов Әскер  
1964 - 1968 ж. Абылғазинов Қалым  
1968 - 1975 ж. Жыңғылбаев Телман  
1975 - 1986 ж. Асаубаев Мұқатай  
1986 - 1994 ж. Касенбеков Қайратбек  
1994 - 2012 ж. Сыздықов Жомарт  
2012 - 2015 ж. Рустемов Жанболат  
2015 ж. Бейсенова Айнаш



Беген мектебі учаскесі, 2016 ж.





Балалар ортасында





Әке-шешеміз, Гуля,  
Сансызбай



Нұраш пионер (1-қатар)

10-Кл. 1949-50 учеб год. Бегенекыд С. У.





Кривинкадағы үй



---

## «Рассвет» ауылында

Бесқарағай ауданы Семей облысына қарайтын болды. Оның үстіне, Семей полигоны алыс емес. Мұнда арнайы зерттеу жұмыстары 1949 — 1960 жылдары өте жиі өткізілді. “Зерттеу болады деп бізге хабарлайтын, үйлерді тастатып арнайы жерге апаратын, ол зерттеуден кейін үш күн сиыр сүтін ішуге болмайтын, өте ащы болған” — деп анамыздың-айтқанын естігенмін. Сондықтан да шығар, әке-шешеміз елге қайтуды (Павлодар облысына) қарастырған екен. Бұл 1960-шы жыл. Біз “Рассвет” ауылына көшіп келдік. Мұнда әке-шешеміз үй салды, көп жылдар тұрамыз деген мақсат болған шығар. Нұраш апамыздың өмірі өте қысқа болды. 1963 жылы Нұраш 8-сынып бітіріп жатты. Бір топ қыз мектепке гүл әкелеміз деп өзенге барады, ол жерде Ертіс ағып жататұғын, Нұраш маусым айында суға кетті. Көңіл айтып келген көзі ашық азамат, аудандық партия комитетінің мүшесі Олжабай деген кісі: «Балаға тіл-көз тиеді деген сөзге енді сендім», — деген екен. Қырқы өткеннен кейін (әке-шешемізге бұл қайғы өте ауыр болды). “Ертісі жоқ жер” — «Екібастұз» кеңшарына көшті. Нұраш соның алдында бір ай бұрын ғана аудандық спартакиадада I орын алып, жұртты таңғалдырыпты.



Нұраш апамыз







Балаларының ортасында



Қажат әке-шешесімен







Әріптестерімен

Сонымен, 1963 жылдың тамыз айында біз Екібастұз (қазіргі Төртүй) ауылына көшіп келдік. Мұнда әкеміз орысша-қазақша 8 жылдық мектептің басшысы болып келді. Мектеп 2 қабатты, шағын, кейіннен тағы жанына мектеп пен интернат салынды.

Біздің Гуля апамыз (құжатта Гүлбахрам) 1947 жылы Павлодарда туған. Үш жасқа келген кезде көрші баланың кесірінен мертігіп қалды. 1-4-сыныпта жүре алмаған соң, әкеміз мектепке көтеріп апарып жүрген екен. Емханада, санаторийде көп жатты. Соған қарамай талпынып, оқуға берілді. 1963 жылы Гуля 9-сыныпта оқуы керек. Сондықтан Ақкөл ауылында Кәрім атаның үйінде тұрып, 3 жыл оқыды. 1967 жылы Алматының медициналық институтына түсіп, 5 жылдан кейін бітіріп, Екібастұз қаласына дәріханаға қызметке орналасады. 1983-1994 жылдары дәріхана меңгерушісі болды.



Гуляның коллективы

Қайғылы жағдаймен қызықтар кезектесіп отырады ғой, сол 1963 жылы күзде 4 жыл әскери борышын өтеп, үйге Бағдат ағамыз келді. Келесі жылы Алматы шет тілдер институтына түсіп, оқып шықты. 1979-1989 жылдар аралығында қызметпен шетелде командировкада болды (Эфиопия, Танзания т.б. елдерде). Кұлжамал жеңгеміз екеуі қырық жылдай тату-тәтті өмір сүріп, екі перзент көрді: Болат және Нұрлан. Он жасында Болат дәстүр бойынша тай мініп кетті.

Қазір ағамыз шөбере сүйіп отыр.




Гуля, Ғалымжан





«Ғалидың ұлы Бағдат — жоғары білімді мұғалім, ағылшын тілінің майталман маманы, шетел мен байланыс істерінің белгілі қызметкері, Алматы ДЭУ корпорациясы бас директорының көмекшісі, ел таныған азамат. Бүгінде Бағдат Мұхамедиевтің де Болат, Нұрлан деген ұлдары, Данияр деген немересі бар.



сол киелі шаңырақ. Киелісі сол — жылдар жылжып өтсе де, мәңгілік бала бейне қала беретін алғашқы сәттер ұмытылмайды.


1966-67 оқу жылы мектеп онжылдыққа айналды. Бірінші түлектерінің арасында 1969 жылы мектепті Қорлан бітірді.

Қорлан Қарағандыда институт бітірген соң Екібастұзда райпотребсоюзда жұмыс атқарып жүріп, 1974 жылы тұрмысқа шықты. Төлеген жездеміздің қызметі ауыл

Данияр — бұл Ғали Мұхамедиевтің тұңғыш шөбересі. Сөйтіп, Ғали ұрпағы алып бәйтеректей гүлденіп, өсіп отырған шаңырақ».

Ханафия атаның кітабы шыққанда әкеміздің (кішкентай) Бағдат шөбересі туған жоқ-тын. Ал биыл шыққан (2017) жаңа шежіреде шөберелерді жалғастырып отыр.

Әр адамның ғұмырында оның тұлғалық тұрпатын қалыптастыратын қасиетті орын бар. Ол алтын ұя — мектеп. Бала шақтан болашаққа қанат қақтыратын да



шаруашылығы саласында болғасын, Май ауданында көп жылдар тұрды. Қорлан рапкоопта бас экономист болып істеді. Бірақ Төлеген жездеміз ғылыми жұмыстарын жалғастыра жүрді. Қазір жездеміз Павлодар университетінің оқытушысы. Қорлан — екі баланың анасы, зейнет жасында немерелерін бағып-қағуда. Апа-жездем Павлодар қаласында тұрады.

1981 жылдың маусым айында әкемізге Шонай-атадан (құдасы) жеделхат келді «немереміздің атын сіз атаңыз» деген. (Үлкен немересін Темірлан деп өзі қойған) «Еркебұлан болсын» деп әкеміз жауап береді. Артынан түсіндірді, «Еркебұлан — Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» атты пьесасындағы қаһарманның атын солай атаған екен (өз өмірінен жазған).



Еркебұлан

Сол Еркебұлан сияқты ұшқыр, ақылды қайраткер болсын деп ырымдапты.

Өзі Сәкен Сейфулинді өте қадірлейтін.

Екі жылдан кейін мектепті Нұршия бітірді. Нұршия әрқашан үздік оқыды. Қарағанды кооператив институтында оқып жүргенде жоғары стипендия алып жүрді. Алматының Жоғары ревизорлық мектебін тіпті қызыл дипломмен бітіріп, қызметке Казпотребсоюзға шақырылды. Бүгінгі күні Ерік жездеміз екеуі екі бала өсіріп, немере сүйіп отыр. Жазира — шетелде студент.

Біз Қажат екеуіміз ғана бұл мектепте 1-10 сыныпқа дейін оқып шықтық. 1973 жылы мен ПГПИ-ға түсіп, 1977 жылы өз мектебіме орыс тілі және орыс әдебиеті мұғалімі болып келдім. Осы мамандықтың арқасында 38 жыл үзбей қызмет етіп, үш жыл бұрын зейнеткерлікке шықтым. Үш ер балам, екі немерем бар.

Қажат менен 3 жас кіші. Құрлысшы адамдардың өз қолымен салған

үйлерін, ғимараттарын көріп, тамашалап отырған қандай жақсы! Мысалы, Екібастұз қалалық мешітін Қажат салды. Ол кезде анамыз бар, мәз болып, балаша қуанып отырды.

Білікті маман, еңбекқор Қажат 2011 жылы “Құрметті құрылысшы” медалімен марапатталды. “Немеремнің аты Мұхамедғали болады, бірақ үйде Ғалымжан” деп әкеміз айтып кетті. Нұраш деп қызының атын Қажат анамыздан рұқсат сұрап қойды.

Екі немересі, бір жиені бар. Бағдат немересі жаңа Қанжығалы шежіресін жалғастырып отыр.

Қажат, Болат



Бағдат, Күлжамал, Болат, Нурлан



## Мақтан тұтан асқарым



Өмір мен өнеге, тәлім мен тәрбие берген асыл әкем жайлы сөз қозғау — мен үшін толғаныс, үлкен тебіреніс, өйткені ол менің әкем ғана емес, ол-елдің ұстазы, Ұлы Отан соғысының ардагері атанған ел қорғаушысы.

Қайран әкем шаңырағымыздың берекесі, мейір-шапағаты болатын. Отбасымыздың ғана емес, барлық туған-туыстың ұйытқысы еді.

«Туыс» деген ұғымды қасиетті деп санап, өз туыстарына ерекше ықыласпен, ілтипатпен қарайтын. Туғандарын жоғары

бағалап, шамасы келгенше көмектесіп, рухани тұрғыдан да демеу беріп жүруші еді. Кезінде тағдыр тәлкегімен жан-жаққа шашырап кеткен туыстарын іздеп тауып, хабарласып, үнемі қарым-қатынас жасап отыратын. Қолынан келгенше көмегін де аямайтын.

Мен оқып жүрген кезімде іс-тәжірибешіліктен өту үшін Ертіс ауданына жіберді. Сол жерде бір алыс туысымызды кездестіріп, сөйлескен кезде ол кісі: «Мен әкеңе өміріммен қарыздармын», — деген еді. Маған бұл сөздерді есту зор мәртебе болғанын жасырмаймын. Осындай әкемнің болғаны менің бағым да, бақытым да.

Әкем барлық саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған абзал жан еді. Бір емес, бірнеше мектептің директоры болып тағайындалуы да еңбегінің шын еленуі деп білемін. Өне бойында үлгі алатын қасиеттері өте көп еді. Әріптестерінің айтуынша, сол қасиетінің бірі — ол өте мәдениетті адам еді. Өзі оқытып-тоқытқан шәкірттері мұғалім мамандығын таңдап, жұмыс істеу үшін өз мектебіне оралғанда, оларды жылы шыраймен қарсы алып, оларға

ерекше құрмет көрсетіп, өзіне тең санап, «Сіз» деп сөйлейді екен.

Біз отбасында 6 баламыз. Барлығымызды әкелік мейірімге бөлеп, жақсы адам етіп тәрбиелеп, барлығымыздың жоғары білім алуымызға жағдай жасады. Өмірде аяғымызды нық басуымыз үшін ештеңеден аянбады. Біздің қазіргі деңгей, дәрежеміз әкеміздің қамқорлығының, жанашырлығының, шексіз әкелік махаббатының нәтижесі деп білемін. Әкем менің ғана емес, барлық балаларының, немере шөберелерінің үлгі тұтатын, мақтан ететін тұлғасы боп қалады деген сенімдемін.

*Қорлан Ғалиқызы*

### **Әкем Сәкенді пір тұтқан**

Әкем Ғали Мұхамедияұлы ата-анасынан ерте айырылып, үлкен ағасы Кәрім атаның қолында тәрбиеленді. Ол ашаршылық жылдары мешіттегі мектеп-медреседе білім алып, араб тілі мен арабтың өрме жазуын жетік меңгерген. Бүкіл құран сүрелерін жатқа білген. Ұлы Отан соғысы кезінде жолдастарына латын әріптерімен жазылған хаттары да сақталған. Сол кездері ол Павлодар облысының алыс қазақ ауылынан келіп, математикалық қабілетінің арқасында қазіргі Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық университетіне оқуға түсіп, жоғары білім алады. Ол студенттік жылдарын еске ала отырып, қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі, қазақтың атақты жазушысы Сәкен Сейфуллинді мақтанышпен айтып отыратын. Ол туралы естелік ұмытылмас үшін өзінің үлкен қызын Гүлбахрам деп атады (жазушының жұбайының аты Гүлбахрам болған). Біздің әкеміз жоғары оқу орны — педагогикалық институттың математика бөлімінің түлектерінің бірі болды. Еңбек жолы 30-шы жылдардан басталған. Оның бүкіл өмірі сабақ берумен қатар ағартушылыққа арналды.

*Нұршия Ғалиқызы*

## Мектеп өмірінен естеліктер



*«Өз жұртына жұмыс қылып, еңбек сіңірген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі»*



*«Үстас деген – үстас болып туғандар,  
Ұлылықты ұлықтаған инандар,  
Шәкіртінің ертеңіне жаса ашып,  
Өмірінің әр шіктерін қызғандар»*

*«Жақсы ұстаздың шығармалық пайдасы,  
Өзіне обал арған дәріс, иілісі  
Үстас болу – бақыт, әрі айрық  
Үстас деген – шәкірттердің айнасы»*

*Танылғанды елбасы  
«Екібастұз қаласы Ақмола облысы  
Білім бөлімінің Екібастұз жақын  
аумақ бойынша білім беру орталығы»  
Қызылорда облысы*

## Мухамедиев Гали

### Мухамедұлы

(1912-1983жж.)



1912 жылы Павлодар облысы, Екібастұз ауданы, Аққол ауылында туған. Қазақ педагогикалық институтын бітірген соң Ертіс ауданында математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген. 1932 жылы жаңадан ашылған Ертіс ауданының №1 мектебіне директор болып қызмет атқарған. 1982 жылы осы мектептің 50 жылдығына құрметті грамота болды. 1939 жылы әскери борышын өтеген. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында артиллерист болған. Варшава қаласын босатқанда жасаған ерлігі үшін және Берлин қаласын алғанда жасаған ерлігі үшін Ұлы Отан соғысы орденімен, Қызыл ту орденімен марапатталған. Неміс ұшақтарын атып түсіргені үшін берілген бірнеше медалдары бар. 1945 жылы Қыркүйек – қатан айларында болған Жапон соғысына қатысқан.

1947 жылы майданнан келген соң қазіргі Павлодар қаласындағы облыстық білім бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді.

1950 жылы сол кезеңі саясат бойынша Совет Одағының Коммунистік партиясының мүшесі ретінде ауылға жұмысқа жіберілді. Қазіргі Шығыс

Қазақстан облысы Бесқарағай ауданында Бесен ауылындағы (Крезинола ауылы) соғым кезінде әке-шешесіз қалған балалар тұрып оқитын мектеп – интернаттың мектеп директоры болып жұмыс істеген.

1980 жылы қазіргі Павлодар облысы Ақтоғай ауданы «Рассвет» сөзхазінінің мектеп директоры болып қызмет атқарды.

1963 жылы Екібастұз ауданы Екібастұз сөзхазініндегі орта мектепке директор болып келеді. Осы мектепте математика пәні мұғалімі болып істеп жүріп, 1972 жылы зейнеткерлікке шығады.

Мухамедиев Гали білімді, дарынды адам болған. Қазақша, орысша бірегей сөйлеп, сабырлы қазақша-орысша сыншптарға берген, арабша оқып, жазба білген адам.

“Ана тіліміздің іргетасы бастауыш, сегізжылдық, онжылдық мектептерде, қазақша балабақшаларда, әр шаңырақта қалыптасады. Мектептің ең биік, ең басты, ең қажетті тұлғасы — мұғалім, ұстаз. Нағыз ұстаз, тума мұғалім ғана мектептің тұлғасы бола алады. Қазақ мектебінің осындай тамаша ұстазының бірі Гали Мұхамедияұлы еді” — деп жазды әкеміздің әріптесі, “Сарыарқа самалы” газетінің тілшісі, жазушы Ханафия Асқаров “Ертіс өрені” кітабында.

“Екібастұз орта мектебіне 45 жыл болады, альбом шығарамыз, Гали Мұхамедияұлы туралы жазамыз”, — деп әріптесім Бақытжамал Болпаққызы хабар берді.

Мектептің іргетасы сонау 1929 жылы қаланған, сонда бір мүшелден кейін мектеп ашылғанына 100 жыл болады. “Адамға наннан кейінгі керегі — мектеп”. Мектеп — тәрбие белгісі, білім



ордасы. Мұғалім — ондағы балалардың бағбаны. Халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы “Ұстаздық — ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, егіншіні да, кеншіні де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақтарды тәрбиелейтін ұстаздарды солай ардақтауға міндеттіміз” демекші, тарлан тарихтың тереңіне сүңги жүріп, өздерінің өмір жолында қайталанбас ұстаздық еңбектерімен ел есінде сақталған туған ауылымыздың өр тұлғалы азаматтарының жұлдыздары әрқашан бәрінен биік тұратынына талас жоқ.



Екібастұз мектебінің ұстаздары



## Өмірі жастарға үлгі ұстаз



«Екібастұз» кеңшарында 1963 жылдан 1993 жылға дейін бір ғана мектепте еңбек етіп, зейнеткерлікке шықтым. Сол жылдары көптеген парасатты, білімді ұстаздармен қатар жүргенімді мақтан тұтамын. Сондай адамның бірі де бірегейі Мұхамедиев Ғали Мұхамедияұлы еді. Ұлы Отан соғысының ардагері, майданнан келген соң Павлодар

қаласындағы облыстық білім бөлімінің меңгерушісі, Бесқарай ауданында, Беген ауылында, Ақтоғай ауданы «Рассвет» кеңшарында мектеп директоры болып қызмет атқарған.

1963 жылы Екібастұз ауданы «Екібастұз кеңшарындағы мектепке директор болып, әрі қарай осы мектепте математикадан сабақ берді, зейнеткерлікке 1972 жылы шықты. Осы уақытта Ғали Мұхамедияұлы ұжымға сыйлы, ауылдастарға қадірлі адам екеніне куә болдым. Отбасының сыйластығы, балаларының тәрбиесі барша жанға үлгі болды. Өте мәдениетті, парасатты, білімді, өз пәнін сүйетін ұстаз. Сол кезде осы мектептен тәрбие, білім алған шәкірттері кейін жоғарғы білім алып, әр салада үлгілі қызмет атқарып жүр.

«Екібастұз» кеңшарындағы сол кездегі мектеп екі қабаттан тұратын қарапайым, сегіз класс бөлмесі бар, біреуі ұстаздарға арналған, кітапхана мен шағын буфет жеке орналасқан, спорт залымыз болатын. Қыстыгүні қарлы, суық, жазғытұрым Ғали аға мектепке екі аяқ киім әкелуді үйретті, жасының үлкендігіне қарамастан өзі солай жүретін, кейінгілер ұялғаннан үйрендік.

«Мектеп — мәдениет ошағы, мұнда олпы-солпы жүруге болмайды», — дейтін. Бірде түстен кейін бір жас мұғалім ұстаздар бөлмесіне басында тымақ, үстінде қалың тон, аяғында саптама етік, кіріп келді. Сонда Ғалекең: «Қарағым, мал қора деп қалдың ба?» — демесі бар ма, яғни, сабаққа да, сабақтан тыс уақытта да ұстаз



оқушыларға үлгі болатындай болуы керек дегені. Бұл — ұстаздың мәдениеттілігі, парасатты ұстаздың ұжымға да, шәкірттерге де үйреткені көп еді. Орысша-қазақша таза сөйлейтін (мектебіміз аралас еді ғой), шахмат ойнауды жақсы көретін.

Сол кезде Ұзақбай Ермұханбетов атты математика пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі — екеуі бос уақытта шахмат ойнап отыратын, жоғары класс оқушыларының арасындағы шахмат үйірмесін басқарды.

Көргені көп, әңгімешіл, білгенін ұғындыра білетін парасатты жан, өз пәнін жетік білетін, орысша-қазақша таза сөйлейтін, әдеби шығармаларды көп оқитын, білгенін ұстаздармен бөлісіп, шәкірттерін адамгершілігі мол, кішіге қамқор болуға, адал еңбек етуге баулитын. Сабақтан тыс уақытта ұстаздар бөлмесінде Ғалекең бола калса, әңгіме-дүкен құрып, білмегімді бір сұрап, риза болып қалушы едім...

*Мәрия Өміржанқызы, зейнеткер*

### **Жақсы ұстаздың пайдасы мәңгілік**



Ғали Мұхамедияұлы ұстазымды бала кезімнен білемін. Төрт үй ауылында (бұрынғы «Екібастұз» кеңшары) Ғалекең мектеп директоры болып қызмет істеді және зейнеткерлікке шыққанша математика пәнінен сабақ берді. Өзі сабақ берген оқушылардың мінез-құлқына, іс-әрекетіне, білімге деген қызығушылығына қарай олардың келешегі туралы болжап отыратын. Біреуіне «сенің саусақтарына есепшотты қағуға лайықты, бәлкім, бухгалтер боларсың» десе, енді біреуіне «сен жалқаусың, сондықтан жақсы маман бола алмайсың ба деп қорқамын» дейтін. Математиканы түсінуге құлықсыз балаға екілік бағасын қоярда «эзер болса, ертең шофер болғанда машинаға мінгізбессің» дегені есімде қалды.

---

Қазір қарап отырсам, ол кісінің болжамдары дәл келген сияқты.

70-ші жылдары институт бітіріп келіп, ұстазыммен бір ұжымда педагогикалық қызметімді бастадым. Мұғалімдер бөлмесінде отырғанда Ғали Мұхамедиевтің мағыналы әрі мазмұнды әңгімесін тындағанды ұнататынмын, өйткені ол кісінің әңгімесі өмірдің бар саласын камтитын. Сол кездегі саяси және мәдени аренада жүрген қайраткерлердің қалыптасу жолдары, жетістіктері мен кемшіліктерін талдап айтып отыратын. Мен тарихшы болғандықтан картамен жұмысты көп жасайтынмын. Сол кезде Ғалекең маған сұрақтар қойып, білімімді тексеретін. Ұстазымның бұл әрекетін балалардың алдына барғанда мен бір нәрсені білмей қалмасын, дайын болсын деген жанаршылығы деп түсінетінмін. Бір күні саяси картадан Бангладеш мемлекетінің орналасқан жерін көрсетуді сұрады. Жаңа пайда болған мемлекет туралы білетінімді айтып, қай жерде орласқанын картадан көрсетіп бергенімде, өте риза болып, күлімдегені әлі есімде.

Жан-жағымда болып жатқан жағдайларға зер салып, талдай білуді осы ұстазымнан үйрендім. Қазір өзім де көп байқап, қалағанымды, жаным ұнатқанды ойыма сақтаймын.

Ғали Мұхамедиевтің кенже баласы Қажатқа деген ерекше мейірімі сезіліп тұратын. Оның келешегінен үлкен үміт күтетін. Қажат та мектепте үлгілі оқушы болып, жақсы оқыды. Әрине, мұндай білімді, мейірімді, ізгі әкенің жанында жүріп жақсы азамат болмау мүмкін емес қой. Ұстазымның ұрпақтарына ғұмырлы да мазмұнды өмір тілеймін.

*Оқушысы әрі әріптесі*

*Нағима Сапарқызы Қуанышева, 2017 жыл*

Мен ұстаздық еңбек жолымды 1963 жылы мектеп директоры Ғали Мұхамедиев болған кезде, Екібастұз орта мектебінде бастадым. Бірнеше жыл өтіп кетсе де, ол кісі сабырлылығымен, салмақтылығымен, маңғаздығымен, бауырмалдығымен есімде қалды. Бауырмалдығы дейтінім, менің қайын атамның шешесін «Қанжығалы, жалпақбас апам» деп жүретін. Қашан енем



өмірден өткенше халін біліп, келіп әңгімелесіп, көңілін көтеріп кетуді ұмытқан емес. Ол кісі директор болып жүргенде бір есімде қалғаны, бір күні мектептегі еден жуып, от жағатын әйелдер бір топ кілтті директордың алдына тастап, өздері «жұмыстан кеттік» деп кетіпті. Содан мұғалімдерді жиып алып: “Міне, кілтті көріп отырсыңдар, осы жағдайдан қалай шығуымыз керек? Бірақ қандай жағдай болса да сабақты тоқтатуға болмайды”, — деді. Ол кезде мектеп екі қабатты, ескі пешпен жылытылатын. Содан ақылдастық, барлық жұмысты өзіміз атқаратын болдық. Ер адамдар ағаш жарып, көмір тасып, біз пешті таңертең жағуға дайындадық. Таңертең ерте келіп, от жағатынбыз. Сабақты тоқтатпай, ұйымшылдығымыздың арқасында осындай қиындықтан алып шыққанбыз. Біздің мектептің бірлігі, татулығы, ұйымшылдығы осы уақытқа дейін сақталып келеді. Ғали Мұхамедияұлы бос отырды білмейтін. Үзіліс кезінде шахмат ойнауды жақсы көретін.



*Ардагер ұстаз Алтын Бекбатырқызы Ибаділдина*

### ***Ғали Мұхамедиев ағама естелік***

Мен, Нұршина Қорлан Әділқызы, 1966-67 оқу жылында институтты тәмамдаған соң Екібастұз орта мектебіне математика пәнінің мұғалімі болып орналастым. Сол жылы мектеп 10 жылдық болып ашылды да, маған 10-сыныптың класс жетекшілігі әрі физика-математика пәнінен сабақ беруді тапсырды. Директор — Шыңғыс Жиенбекұлы, завуч Ұзақбай Дәулетұлы математик болатын. Математикалық әдістемелік бірлестікті Ғали аға басқарды және сабақты орыс сыныптарына берді.

Әдістемелік бірлестікте кім ашық сабақ береді, кім кеш ұйымдастырады — сол жоспарланады. Маған жоғары сыныптарда сабақ беру тапсырылды, сол себеппен математик кешін ұйымдастыруды, ашық сабақ беруді өз мойныма алдым.

---

Математик кештері «Софья Ковалевская өмірі», «Н.Лобачевский — ұлы математик», т.б. тақырыптарда өткізілетін.

Кештерде кроссворд, шарадалар шешіліп, өлеңдер оқылып, қойылымдар көрсетілетін. Көрнекті етіп газеттер шығарып, ұлы математиктердің айтқан нақыл сөздері плакаттарға жазылып, тақтаның үстіне суреттерімен қоса ілулі тұратын.

Ашық сабаққа да ерекше дайындалушы едім.

Мысалы: геометриядан есептер шығарғанда фанерадан жазықтық жасап, оған перпендикуляр стержень орнатып, сол стерженьнің жоғарғы жағына сым тартып (көлбеу) жасаттық, бұрышты үшбұрышты пайдаланып

оқушылар есепті оп-оңай шығарып беретін. Ол макетті Мұттаһиден Ботан деген інім жасап беретін. Інім бұл дүниеден озып кетті.

Ғали ағам «бұл үлкен еңбек қой» деп менің еңбегімді бағалап отырушы еді.

Сабағыма қатысып, кеңестер береді, үйретеді.

Манғаз, асықпай шешім қабылдайтын, кішіпейіл ұстаз бола білген ағам алғысым шексіз. Мен осы мектептегі ұлағатты ұстаздардан көп үйрендім, шыңдалдым, қатаң талап қоя біледі.

Ұстаздарыма ризамын!

Топырағы торқа, иманы серік,

Қабірі нұрға толсын демекпін.

Марқұм жездеміз Қали Мұхамедиев Екібастұз ауданы «Екібастұз» совхозының мұғалімі болып 8 жылдық мектебінде көп жылдар қызмет атқарды. Ол кісінің жұбайы Шөкіжан біздің әкей марқұмның немере апасы болып келетін. Сондықтан Қали жездеміз әкеймен өте қатты сыйласатын. Жездеміз совхозда тұрғанда, біз менің туып-өскен жерім Қаражар ауылында тұрдық. Бір себептермен 3-ші



---

фермаға жарық жағуға «моторист» болып жұмысқа бардым.

Ол кездері ауылда 1968-ші жылдары кернеулі «высоковольт» болмайтын. Жыл сайын күздігүні марқұм Қали жездеміз ауылға шөп алуға келетін. Келгенде біздің үйге түсетін. Шешей «күйеу келді» деп, етін асып күтіп алатын.

Жездеміз марқұм өте мәдениетті адам болатын, артық сөз айтпайтын. Ұстаз болғасын ба, менің кейбір әзілдеріме: «Слушай, балдыз, ол былай ғой!» — деп өте орынды сөздерімен жауап қайыратын. Шешейдің жасаған тамағын ішіп, әкей марқұм екеуі қалжыңдасып жататын.

Мен көрген марқұм жездеміздің жарқын бейнесі көз алдымда осылай калып еді...

*Балдызы  
Несінбай Шоштайұлы*

Төртүй ауылындағы (бұрынғы «Екібастұз» совхозы) аралас орта мектепте қаншама талантты оқытушылар, оқушылар еңбек етті, білім алды.

«Талапты ұстаздан талантты оқушы шығады» дейді.

60-90 жылдар аралығында қаншама ұстаздармен қызметтес болдым. Әр ұстаздың өзіндік ұстанымы, мәдениеті, білгірлігі, өресі болады. Мен 60-шы жылдардың ортасынан бастап сол орта мектепте Шыңғыс Жиенбеков, Қайыржан Құспеков, Ұзақбай Ермұханбетов, Ғали Мухамедиев ағайлармен бірге еңбек еттім.

Ғали ағамен біраз жыл қызметтес болдым. Содан соң ол кісі зейнетке шықты. Сол аз уақыт ішінде мен ол кісінің аса білікті, өмірді көп көрген, мәдениетті адам екенін байқадым. Соғысқа барып сұрапыл жылдардың қиындығын көрсе де, өзінің сабырлы, байсалды мінезінен тайынбаған адам ғой. Көркем әдеби кітап оқу — жастайымнан қалыптасқан әдетім. Мектептегі кішкентай кітапхана, совхоздың клубының бір бөлмесінде орналасқан ауыл кітапханасына жиі баратынмын. Сол жерлерде үнемі Ғали ағамен ұшырасып қалатынмын.

Кейде ол кісі: «Оу, Нағима, қалқам, сен анау Есенберлиннің «Көшпенділерін» оқыдың ба? — деп сұраса, енді бірде: «Әй қалқам,

---

осы сендердің үйлерінде Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешуі» бар деп естіп едім», — дейді.

— Аға, бар, тек ол латынша жазылған.

— Оқыдың ба?

— Иә.

— Міне, дұрыс! Соны бір алып, оқуым керек, — дейді.

Кейін үйге келіп, әкемнен сұрап алып оқып, әкеліп бергенін білемін.

Сабақ біткен соң біз (жас мұғалімдер) улап-шулап мұғалімдер бөлмесіне кіреміз. Столдың екі жағында Ғали аға мен Ұзақбай аға сабақтан соң шахмат ойнап отырады. Біз кірген соң Ұзақбай ағаға қарап, кеңкілдеп күледі де:

— Енді маза кетті, қояйық, мына жастар ойната қоймас, — дейді Ғали аға. Хасен — жас физрук, қалжыңды жаны сүйеді.

— Жезде, бар, үйге қайтыңыз, апай тосып отыр ғой, «шалым шаршап келеді» деп, сіз шахмат ойнап отырсыз, — дейді.

— Иә, иә, апаңның шайы тосып қалар, қайтайық, — дейді жымия күліп.

Енді бірде сабақтың соңында ол кісі диванда отыр екен, Қайыржан аға, Ұзақбай аға елдегі жаңалықтарды әңгімелеп отыр. Шуылдап біздер де кезектесіп кіріп жатырмыз.

— Немене, сабақ аяқталды ма? Да-а, бүгін нанның ақшасы табылды, енді үйге қайтайық! — дейді Ғали аға.

Сол сөз кейін мәтел сияқты болып кетті бізге. Біз шуылдап: «Қалеке, репетиция сағат 5-те», — деп жатырмыз (Қалеке деп Қалимаш деген қызды еркелетіп айтатынбыз).

Есіктен шығып бара жатқан Ғали аға шегініп тұрып қалды, бізге қарап.

— Маған айтасыңдар ма, балалар? — демесі барма (ол кісіні үлкендер жағы Қалеке дейді) Біз сасып:

— Кешіріңіз, біз Қалимашқа айтып жатырмыз, — дейміз жымжырт болып.

— Бәсе, мені де репетицияға шақырып жатыр ма деп, қуанып қалсам, — деп кеңкілдеп күліп, біздің де көңілімізді жадыратып жіберді.

---

9 мамырға арналған кездесуіндегі бір әңгімесі әлі есімнен кетпейді.

Ғали ағам айтады:

... Аспанда біресе жау самолеттері, біресе біздің самолеттер, айқыш-ұйқыш түтін жолдары, құлаған самолеттер дауысы, бомбалардың жарылысы, артиллерияның ұлыған дауысы күндіз-түні басылмайды. Бір күні ком. взвод келіп, өзеннің арғы жағына өтіп, жаңа бекініс жасау керегін айтты, қайықтар тақтайлардың понтон көпірін түнімен су кешіп жүріп жасап, таң ата өтіп болу керек, ар жаққа жанталасып, көпірге жармасып өте бастадық. Мен көпірге көтеріле бергенде арт жағымда тұрған бір орыс жігіт кезегін күтпей, мені итеріп жіберіп көпірге шықты, соңынан қасындағы жолдасы болу керек, ол да жармасып шығып, өте бастады. Мен енді шыға бергенде жау сезіп қалған болу керек, снарядтарын тоғытты. Көпір тас-талқан болды.

Көзімді ашсам, үстімді тақтайлар жапқан. Тұрсам, бір топ өте алмай қалған солдаттар ғана, бағанағы көпір, үстіндегі адамдардан ешкім қалмаған. Мені итерген бағанағы солдаттар қаза болды... Ойпырмай, мені өлімнен құдай қақты-ау!» деген ой осы уақытқа дейін ойымнан кетпейді... Ой, Алла! Бар екенсің, рахмет! деген ой келді. Осындай оқиғалар қаншама болды, қарақтарым!.. Әуелі Алла, содан соң өмірге келмекші балаларымның дәм-тұзы шығар...

Бір кездері жоғары қызметтерде, кейін мектеп директоры, зейнетке жақындағанда математика мұғалімі болып қызмет істеген Ғали аға өзінің сабырлы, жайдары мінезімен үлкен-кішінің сыйлы адамы еді.

Иә, сөйткен асыл ағалар өмірден өтті, бірақ есімізде олардың адами жоғары қасиеттері, оттың ішінен, оттың жолынан келсе де, мейірімді, инабатты қасиеттерін жоғалтпаған қалыптары көз алдымызда. Сондай адамдар қазіргі кезде азайып бара жатқан сияқты.

Ауылдың көркі, ортаның сәні, асыл ағалар бейнесі осындай еді...

*Нағима Дүйсембайқызы Мұхитова*



## Өмір тәжірибесінен туындаған ойлар

Әрбір жас маманның еңбек жолының сәтті басталуы өте маңызды. Ол адамның санасында сақталып қалады да, көптеген сұрақтардың жауабын сол ұжымдағы ағайлар мен апайлардың өзара әңгімелерінен және өзіңе арналған ақыл-кеңестерінен іздейсің.

Мен еңбек жолымды бастаған ұжымда Қайыржан Құспеков, Ғали Мұхамедиев, Ұзақбай Ермұханбетов, Сәкен апай, Шыңғыс Жиенбеков, Адам Мұхамеджанов және Ғалиакбар Қасымовтар еңбек етті, олармен қызметтес болу мен үшін нағыз өмір мектебі болды. Ғали ағаймен әңгімелесу өзімнің ата-анаммен бірге болғандай әсер етсе, Қайыржан аға нағыз психолог, Ұзақбай ағай нағыз әдіскер еді. Сәкен апайдан жанұядағы қарым-қатынас, абысын-ажын туралы тәрбие алдым. Міне, байқап қарасаңыз, мен келіп түскен орта — өзіндік ерекшеліктері бар, білімді, тәрбиелі, жаны жайсаң адамдар, әрқашан маған қамқорлық көрсетіп, ақыл-кеңестерін айтудан жалықпаушы еді.

Мынадай бір жағдай әлі есімнен кетпейді. Алғашқы оқу жылы 5-11-сыныптарда химия-биология пәнінен сабақ беремін. Сабаққа даярлықпен келумен бірге, өзіңнің киген киіміңе де қатты көңіл болу керек. Себебі оқушылардың назарынан еш нәрсе тыс қалмайды ғой. 9-сынып мектептегі ең қиын сыныптың бірі еді. Ұлдарынан қыздарының тентектігі басым. Қолымда сабаққа керекті құрал-жабдықтарым бар, есіктен кіре бергенім сол еді, бір сия сауыт ұшып келіп иығыма тиді, үстімдегі жаңа тігілген костюм сияға боялды. Сәл абыржып қалдым да, ешнәрсе болмағандай сабағымды бастап кеттім. Сыныпта тыныштық, оқушылардың қозғалуға шамалары жоқ. Сабақ бітті. Мұғалімдер бөлмесіне келіп, үлкендерге сабақта болған жағдайды айттым. Сонда Қайыржан ағай: “Дұрыс істегенсің. Ешнәрсе болмағандай сабағыңды өткізіп шыққаның сен үшін сабағың маңызды екенін, басқа ешнәрсе сені аландата алмайтынын оқушыларға сөзсіз-ақ түсіндіріп бердің”, — деді.

Ал Ғали ағай: “Балам, ертең сен осы костюмді сабаққа киіп баруың керек. Менде сияны кетіретін ерітінді бар, түстен кейін келіп, үйден алып кет”, — деді.

---

Ғали ағай айтқандай, костюм тазарды, ертеңінде костюмды сабаққа киіп бардым. Оқушылардың таңғалысы керемет, сыныпта үнсіздік, бір-бірімен көзқарастары түйіскені болмаса, сөз жоқ. Сабағым жақсы өтті. Мұғалімдер бөлмесінде әріптес ағалар тосып отыр екен, мен сабақтың қалай өткенін айтып бердім. Сонда Ғали Мұхамедияұлы:

— Міне, «білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген осы емес пе? — деді.

Осы жағдайды оқушыларым да, біздер, ұстаздар да, жиі еске аламыз. Ұстаздық еткен әрбір жыл, ай, сағаттардан ұстаздық тәжірибетәлім жинақтала келе, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық деңгейі жоғарғы, білімді ұстаз калыптасады екен. Бұл — өмір тәжірибесінен туындаған тұжырым, ойларым.

*Д. Төлеубайқызы*

Я помню, что Кали ага был добрый, чуткий, внимательный и во всем у него был педагогический подход. У меня детство было тяжелое: после военные годы, болезнь матери, и жизнь без нее.

Всегда мне во всех жизненных ситуациях (особенно когда мама болела) помогал Кали ага. На все каникулы забирал к себе домой в совхоз «Рассвет», а когда сам приезжал в Павлодар навещал меня, был простой, приветливый, понимал меня.

Тогда жизнь у нас была сложная, а он даже если только хлеб и соль были на столе говорил такие слова: «Давно так вкусно не ел»

Кали ага мне помогал сдавать экзамены, поступить на курсы и устроиться на работу. Мне не было шестнадцати лет поэтому на работу меня взяли только по его рекомендации. В общем, со стороны матери у меня был один дядя, который мне сделал много хорошего - это Кали ага.

*Ерманов Мурат  
Бәттәй тәтемiздiң баласы*

## Өнегелі ғұмыры – шәкірттеріне қай кезде де үлгі



Аулымызда аты аңызға толы азаматтар көп болатын. Соның бірі математикадан мектепте сабақ берген Қали ағай Мұхамедиев еді. Біз, ауылдастары, үлкенді-кішілер болып оны мұғалім Қали атайтынбыз. Қазаққа тән қасиет біздің ауылдастарға да жат емес-тін. Өйткені ауылда орыстың «Иваны» сияқты Қали есімді азаматтар ол кезде көп болатын. Сол сияқты герой (Еңбек Ері) Қали, молла Қали, ашықауыз Қали (марқұм жездемді солай атайтын) және т.с.с.. Солардың арасында көзі ашық, ұстаздық еңбегімен елге танылған

мұғалім Қали жайлы естелігіммен ұрпағымызға үлгі боларлық жинаққа азғантай болса да өз үлесімді қоспақшымын.

Екінші дүниежүзілік соғыстың әрі еңбек ардагері — әкемнің замандасы, мұғалім Қалидың ғылымның патшайымы — математиканы игеру әдістемесі ерекше болатын. Ол көбіне орыс сыныптарының оқушыларына сабақ бергендіктен, қазақша оқыған маған факультативтік сипаттағы үйірме жұмысында етене жақын болған. Сол кезде менің шәкірттік қабілетімді аңғарған Қали ағай мектепті аяқтаған соң, физика-математика пәндерімен қоян-қолтық араласқан мамандықты таңдауыма ақыл кеңесін берді. Бірақ мектеп бітіргенде әкемнің ұсынысымен Алматы ауылшаруашылық институтында агрономия мамандығы бойынша шаруашылық атынан оқитын оқуға жолдама алып берді. Қабылдау емтихандарын «жақсы» және «үздік» бағаларға тапсырып, институтқа түсіп кеттім.

Елге келгенімде, мұғалім Қали ағайдың маған ренжігені мені қатты ойландырды. Олай істеуімнің басты себептерін, әрине, мен айта алмадым. Ондағы әділетсіздіктерге ренішім балалық шақпен қалсын деп шештім.

Елге келгенімде ағайға қайта жолыққан сәтке оралсақ, сонда Қали мұғалімнің айтқаны: «Әкең сияқты сен де бастық болуды мақсат тұтқан екеңсің. Тілегіңе жет. Әрдайым жолың болсын!» — дегендей



---

оң бата берді. Әкеммен замандастығын ескеріп, айтқандарының бірінші буынын қалжыңға баладым, өйткені олар әзіл-ойындары жарасқан жандар болатын. Ол сол кездегі мектептің жас математик-физиктерін (Б.М.Мейрамова, Қ.Ә.Нұршина, Г.Б.Біжтаева, Д.Б.Түсіпова және т.б.) жұмылдырылып, оларға өз пәндерінің оқыту әдістемесін жетілдіру жұмысына баса көңіл бөлу қажеттілігін жиі айтады екен. Әр түрлі үйірме жұмыстарын ұйымдастыру арқылы математика мен физика пәндеріне деген қызығушылығымызды арттырып, сол саланың майталман ұлы ғалымдары жайлы, олардың өмірінен таңғажайып фактілер келтіре әңгімелеуді ұнататын. Онда орыс математиктері П.Лобачевский мен С.Ковалевская өмірлерінен қысқаша мағлұматтар бере отырып, олардың ілімдік постулаттарын терең әрі қарапайым тілмен жеткілікті дәрежеде түсінікті жеткізетін, қазақ ғалымы О.Жәутіков өміріндегі тың дүниемен таныстырған болатын және қазақтың біртуар ұлы, Қазақстан ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевтың жазған алгебра оқулығы жайлы қызықты әрі құнды мәліметтерді молынан келтіретін.

Сөйтіп, шәкірттері мен жас мұғалималарды факультативтік сабақ өткізу әдістемесін үйретуге әбден машықтандырушы еді. Әсіресе, математика мен физика әліппесін меңгеруде сол қосымша сабақтың жастар үшін зор әсері болатынын өз басымнан кешкенмін. Математикалық есептер мен физикалық құбылыстың әрқилы шешімдері әрі түйіндері болатұғынын сол факультативтік сабақтарда Қали ағайдың жетекшілігімен жас мұғалималар асқан шеберлікпен бере білген еді. Ол сабақ өткізу үшін қосымша оқу құралдарын көптеп қолданатын еді. Соның бірі — В.Гладковтың Москвадағы «Детгиз» баспасынан 1958 жылы шыққан «Энергия атома» кітабын сол мұғалиманың бірі — туған апайым Қорлан Әділқызы маған сыйлаған еді. Әкеміз республика астанасы Алматыда жиналыста болғанында, әрдайым түрлі кітап әкелетін. Тұңғыш қызының ұстаздығы физика-математика пәндерінен болғаннан соң, оған ұсынған ғой. Кейінірек ол маған берді.

Институтымды үздік (қызыл) дипломмен бітіргенде, аспирантураға жолдаманы қоса берді. Бірақ менің қалауым өндіріс саласы болатын. Гидрометеорологиялық институттың өндірістік бөлімінде

---

физика саласы бойынша еңбек еттім. Инженер, аға инженер, экспедиция бастығы сияқты қызметтерді атқардым. Міне, сол уақытта Қали ұстаздың маған тыным бермей берген білімі жүзеге асты. Арқадағы жайылымды — шабындықтық шөптердің өнімділігін 2-3 айлық мерзім бұрын анықтау-болжау әдістерін іздестіру мәселесімен шұғылдандық. Сыртқы қоршаған ортаның небір факторлары табиғи әлемнің ішінде ауа, су, топырақ, өсімдік пен жануар өкілдеріне әсер ететіні белгілі ғой. Міне, осы тұрғыдан алғанда әлгі факторлардың әсері соншалықты қызықты физикалық құбылыс саналатын. Ол жұмыстардың нәтижесінде орталық Қазақстанның даласына арналған арнайы формулалар алынды, олармен орталыққа (Москваға) барып, абыроймен қорғап шықтым. Есептің ресми рецензент-оппоненттері жоғары бағалап. Ресейдің далалық аймақтарында пайдалануға ұсынды.

Өндірістік тәжірибемен мақсатты аспирантураға (целевая) Москвадағы топырақ институтына қабылданып, ғылыми жетекші болып ВАСХНИЛ мен ТССР ҒА академигі, профессор И.С.Рабочев тағайындалды. Жұмысымның тақырыбы тұзды сулармен суғарғанда топырақта болатын үрдістердің физикалық және тұздық режимі мен өсімдік бойында өтетін физиологиялық механизмдері еді. Ол кезеңдерде Кеңестер одағы бойынша шаруашылықта егін суғаруға пайдаланар су ресурстарының көзі өте тапшы болатын. Сол себепті шөлді аймақтарда (әсіресе, құмды және құмайты топырақтарда) суғару ісіне минералданған (тұзды) суларды (жер астының, теңіздің, өнеркәсіптік ақаба суларын және т.б.) егістік алқаптарын суғаруға пайдалану мәселесі одақтық дәрежеде қойылды. Сөйтіп, Қазақстан аймағында (Балқаш өңірі, Каспий жағалаулары, Павлодар, Алматы облыстарында) жер-жерлерде арнайы зерттеу аймақтары құрылып, жұмысты бастап кеттік.

Менде елге келгенімде, Қали ағайға жолығуға тырысып бақтым. Бұл кез оның денсаулығы сыр бере бастаған сәт болатын. Дегенмен ол мені қуана қарсы алды. Ғылымға, оның ішінде физикамен байланысты болғаннан соң, тіпті қуанды. Жұмыстың өзектілігі, кейінгі шешілер сұрақтар төңірегінде ұзақ әңгімелестік. Жеңгейдің (кейінірек құдағидың) қаймақпен берген шайын іше отырып сұрақ-



---

диалог түріндегі әңгіме-сұхбатымыз әбден жарасты.

Сол бір әдемі кештен кейін Қали ағаймен сұхбаттасудың сәті маған түсе қойған жоқ. Аспирантураны абыройлы аяқтаған соң, қорғап, институт филиалының директоры болып елге оралдым. Содан соң бірнеше жылдан кейін дәм айдап, совхоз директоры қызметін бірге атқардым. Туған жердің қызығы мен шыжығын ауылдас ағайындармен бірге кештім. 4-5 жыл істеген қызметтен соң, Ұлттық ядролық орталыққа (радиациялық қауіпсіздік және экология институтына) шақырылдым. Міне, осы сәттен бастап менің өміріме Қали ұстазымның армандаған кезеңі қайтып оралды. Радиациялық физика пәні менің өмірлік ұстанымыма айналды. Мұнда лаборатория, бөлім бастығы болып, небір күрделі физикалық қондырғылар мен құрал-аспаптарды меңгеру ісі менің маңдайыма бұйырған екен. Содан директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Осының бәрінде Қали ағайдың ақыл-кеңестері әрдайым алдымнан шығып отырды. Үлкендердің талап-тілектерін тыңдап қана қоймай, орындау да бар екенін ұмытпаған жөн.

Біздің елге келген радиациялық полигонның ашылғаны жайлы қарапайым жанның білуі мүмкін емес жағдайда, әкеміздің осынау кітапты сатып алуы — таңқаларлық дүние. Оның жазылуы жайын екінші ғылыми жетекшім болған А.Н.Тюрюкановпен әдемі ғұмыр кешкен басым кейінірек білді. Ол — кезінде Германияда білім алған, ұлы радиофизик, радиациялық қауіпсіздік пен экологияның негізін салушы ғалым Н.В.Тимофеев-Ресовскийдің шәкірті әрі досы бола білген азамат. Курчатов қалашығы мен Павлодардың ортасындағы ұзын-сонар жолда мен көп ойланатын едім. Жарықтық, тым болмаса баласының біреуі осы мәселемен айналысатынын білсе керек. Балаларға арналған әдебиет баспасынан шыққан кітап әбден тозығы жетіп, маған, басқаларға жеткілікті түрде қызметін көрсетті. Ұлайым әдебиет сондай болса ғой, шіркін.

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, а.-ш. ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер, Халықаралық «Экология» академиясының корреспондент-мүшесі Б.Ә.Төлеубаев, 15 шілде 2017*

## АСЫЛ АНАШЫМ

Әкеміздің өмірі жайлы естелік шерткенде, онымен 43 жыл бір шаңырақ астында отасқан жары Теміржанқызы Шокжан анамыз туралы да естеліктер жоқ емес.

“Әттең, ерте туып қалды, әйтпесе ел басқаратын еді біздің тәтеміз”, — деген еді Гүлстан сіңлісі. Ақылды, сөзге де, мінезге де ұста, пысық адам, кітап-журналдары екі тілде оқып, мазмұндарын айтап отыратын, әңгімесінде орнымен мақал-мәтелді пайдаланатын, Құранның сүрелерін жақсы білетін, Абай сөздерін жатқа айтып отыратын. Әрине, әкеміз таңертеңнен кешке дейін қызметте болғасын, үй-іші, мал шаруасы анамыздың мойнында, оның үстіне, іс тігетін және алаша, сырмақтарды өз қолымен шығаратын. Қыста оюға салып киізді ақ пен қараны бізге дайындайды, сосын қосып, қолмен тігеміз, ал анамыздың “Зингер” іс машинасы болды, сонымен іс тігіп отыратын. Жазда жүн түтетін, киізді сабап, алаша тоқып шығаратын. Өзгеге емес, өз ұрпақтарына мұра болып қалған шешеміздің қолөнерін бұйымдарын сақтап келеміз.

Қол өнерінің арқасында бір сырмақты бір құлынға айырбастап, біздің үйде жылқылар өсе бастады. Жазда бие байлап, бізге қымыз ішкізетін. Аяғы “бруцеллез” болса да, бір-бір жарым сағат сайын бие сауып, қымыз ашытуға ерінбейтін. Қазір қарап тұрсақ, тігіншілер біреуі бас киім тігеді, екіншісі сырт киім тігеді, тағы біреуі костюмдер тігеді. Біздің анамыз болса бас киім, тон, ішік, костюмдер, көйлек — барлығын тігетін. 1978 жылы мен ауылда жұмыс істеп жүрген кезде Қорлан ақтүлкінің (песец) терісін тұтасымен әкеліпті. Сол теріден маған жұрт таңғалатындай бас киім және пальтоға жаға тігіп берді.



Анамыз өткір кісі болатын. Дұрысын көріп, біліп тұрса, үндемей қалуды білмейтін. 85 жасқа келгенде де ойы ұшқыр, байсалды, парасатты еді. “Отырған жердің сәні”, — дейтін араласып, бірге жүрген замандастары, көршілері. Асыл анамыз әкеміз қайтқаннан кейін 18 жыл шаңырағымызда ұйтқы болып отырды.

Анамыздың қолынан шыққан бұйымдар



Анамыз, Кажат, Фалымжан









1978 ж. Ленинградқа саяхат



Анамыз 70-ке келгенде  
немерелерімен



Ауылдастар



Ұстаздар бөлімі



Мектеп ұжымы







Нұршия, әке-шешемізбен



Ғалымжан, ата-әжесімен



Ғалымжан немересімен

## ҚҰНДЫ ЗАТТАР

Жұмыстан бос уақытында әкеміз әрдайым шахмат ойнайтын. Бұл туралы бірнеше естеліктер де бар. Біз, балалары, қарап отырып бәріміз де үйрендік, Қорлан апам мен Қажат інім үшін шахмат ойынының математикадан сауаттылығын дамытуға әсері көп болғаны мәлім. Қажатты есептерді ойша тез шығарғаны үшін “калькулятор” деп де атаған.









### **«Полевая сумка»**

Бұл заттың жасаған жасы әкеміздің жасағанынан асып кетті — 75 жыл өмір сүріп келеді. Мұнда әкеміз саясат жағынан командирдің орынбасары болған соң құжаттар, өтініштер жинағын салған екен. Соғыс кезінде көп адамдар партия мүшесі боламыз деп үлкен ұрыс алдында өтініштерін қалдырып кететін. Тағы басқа да әр түрлі құжаттар болғаны анық.



Ұлы Отан соғысынан кейін бұл “полевая сумка” да шешеміздің үлкен сандығында әкеміздің ордендері, медальдары, кітапшалары, отбасылық құжаттар салынып сақталатын. Папам туралы әңгімелер жазған газеттерді сақтап қойған, осының бәрі кітап жинақтап шығуға септігін тигізіп отыр.





1944 жылы жазылған хат. Әр түрлі тілде әріп жаза білгендіктен, әкеміздің жазуы ерекше, ал әріптері анық. 2017 жылдын 29 мамырында Асқаров Ханафияның Күлжиян қызымен кездесіп, сөйлестім. Ол кісі әке-шешеміз туралы көп жақсы әңгімелер айтты. Соның арқасында «Екібастұз» совхозындағы үйді үкіметке өткізу үшін келген Совет қажының айтқаны: “Қали ағатайдың мейрімділігі, шындығы, адамгершілігі өзімізді таңғалдыратын”. Күлжиян апаның айтқаны: “Әкеміздің жүз жылдық мерейтойына арнап кітап шығаруға дайындалғанда, архивтерінен осы хатты тауып алдым», деп, маған берді. Соғыс кезінде елдегі амандықты білу үшін екеуі хат жазысып тұрған екен. Хат латын әліпбиімен жазылған.

### **Әкемнің қойын кітапшасы**



Әкеміздің кітапшасы кішірек, костюмінің қалтасына сыятындай ғана. Бірақ мазмұны өте бай: Құраннан сүрелер, ұлылардың нақыл сөздері, мақал-мәтелдер — мұның бәрін бір мақсатпен жинаған болар...



## **Қойын кітапшадағы жазбалардан:**

Таза мінсіз асыл тас  
Су түбінде жатады.  
Таза мінсіз асыл сөз  
Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан тас  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз  
Шер толқытса шығады.

*Асан Қайғы*

Жалғыз жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,  
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.  
Есек артын жусаң да, мал тауып кел,  
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас.

\*\*\*

Өмірдің алды ыстық, арты суық  
Алды — ойын, арттағы мұңға жуық.

\*\*\*

Жас өтер тынымсыз,  
Өнерсіз, ғылымсыз.  
Надандық жолымен  
Өте ме білімсіз.  
Оқымай оқуды,  
Өтпеңдер тыюсыз.


\*\*\*

Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманды,  
Салқын, құс өмірі я қараңғы.  
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,  
Өнерсіз қартайар деп біл балаңды.  
Бала мінез, ойыншы бұрынғылар,  
Аңқау екен, мазақтап соңы сыңар.  
Артқа қарап ақ пейіл шалға күліп,  
Абыройсыз, атақсыз көрге құлар.

\*\*\*

Жастайымнан атандым Шолақ ... деп,  
Бұл дүние кім ойлар шолақ-ау деп.  
Мал-мүлік пен байлықты тәрк етпеймін,  
“Ақыр бір күн артымда қалады-ау” деп.

## Сағат



Әкемізден қалған естелік көп емес еді,  
Оның бірі шкаф үстіндегі сағат еді.  
Әкемізге біреулер сыйлаған болар,  
“Оқушы ма, ұстаз ба, білмеген екем”.

Бұл сағатты сыйға берген күнде  
Бармаппын әлі мектепке де,  
Алпыстан асқан кезімде  
Естелік боп тұр емес пе?

Бір қасиеті бар бұл сағаттың,  
Орнын таңдайды екен емен ағаштан.  
Тұрды әке-шешеміздің сервантында,  
Қасқып тұр енді Гулямыздың горкасында.

«Жүре ме өзі?» — деп сұрайды келгенде Қажат,  
Құлағына апарып тыңдайды «Неткен ғажап!».  
Зейнеткерлік күнімде сағатқа мың қараймын,  
Әкемді еске алуды ұмытпаймын!



Сансызбай, Гуля







Темірлан Шонаев



Гуля 3 жаста



Гуля пионер



Гуля студент



Балалық шағымыз





Нұраш балабақшада



Мектеп асханасы



Бэтгэй тэте  
баласымен



Анамыз баласымен



## ЕСКЕ АЛУ

Әкеміз

**Ғали Мұхамедияұлы Мұхамедиев**



1912 жылы Екібастұз ауданы Ақкөл ауылында туды. Қазақ педагогикалық институтын бітірген соң Ертіс ауданында математика пәнінен сабақ берді. 20 жасында ауданда жаңадан ашылған №2 қазақ мектебіне директор болып тағайындалды. 1939 жылы әскери борышын өтеуге аттанды. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысты. «Отан соғысы» және «Қызыл Ту» ордендерімен марапатталды. Фашист ұшақтарын мүлт жібермей, дәл көздеп атқаны үшін, Варшаваны жаудан азат еткені, Берлин қаласында жасаған ерлігі үшін медальдар алды. 1945 жылдың қыркүйек-қазан айларында жапон соғысына қатысты. Қан майданнан келген соң 1947 жылы Павлодарда облыстық білім бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді. Үш жылдан кейін сол кездің саясатымен Совет Одағы Коммунистік партиясының мүшесі ретінде ауылға жіберілді. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Беген және Кригинка ауылдарында мектеп директоры болып еңбек етті. 1960 жылы Павлодар облысы Ақтоғай ауданы «Рассвет» совхозына мектеп директоры болып ауысты. 1963 жылы сол жерде баласы суға кетіп, жаны жараланған соң Екібастұз орта мектебіне директор болып келеді. Зейнеткерлікке 1972 жылы осы мектепте математика мұғалім болып жүріп шығады. Білімді де дарынды Ғали Мұхамедияұлы — қазақша мен орысшаға судай, екі тілде де сабақ берген, арабша жазуды да мықты білген жан. Ардақты әке алты перзентінің де жоғары білім алуына жағдай жасады.

Сарғайған «Учитель Казахстана» газетінің 1983 жылғы 10 ақпанындағы нөмірінде 50 жылдық торқалы той баяндалыпты. Сондағы құрметті қонақтардың ішінде мектептің тұңғыш директоры болған, саналы ғұмырын жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз Ғали Мұхамедияұлының да бейнесі көрініс береді. Аяулы әкеміз осыдан 30 жыл бұрын 1983 жылдың 22 қарашасында өмірден өтті. Жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын.

*Балалары*



## Әке туралы сыр

Аяулы әкеміздің өмірден кеткеніне де 34 жылдың жүзі болып қалыпты. Сол жылы туған балалар ер жетіп, жігіт болды, ұл-қыздарымыз өскен сайын өзіміз де жасқа жас қосып, алпысты да еңсердік.

2016 жылы қыркүйек айында қолға қалам алдым. Неден бастарымды, неден аяқтарымды білмедім де. Намысқа тырысып, неге өз әкем туралы жазбаймын деп өзімді қамшылаумен болдым. Бұл жерде маған уақыт көмекке келді, арада өткен жылдар әке тұлғасын тереңірек тани түсуге, оның қадір — қасиетін бағалай білуге жәрдем берді. Әке жайлы білетін нәрселер көмескіленбей тұрғанда тезірек қалам алып, естеліктерді жазуға бел будым. Әкеміздің әріптестерінің, оқушыларының, туыстарының да естеліктері бар шығар деген ой келді.

«Әкең өлсе де, әкеңнің көзің көрген өлмесін» депті. Осындай шешімді дұрыс деп ойладым. Өйткені әр түрлі көзқараспен әкеміздің жеке тұлғалық қадір — қасиеттері әр жақтан бейнеленгеніне көзіміз жетіп отыр.

Әкемнің ең басты жақсы қасиеттерінің бірі туыстарға деген бауырмалдығы, ағайын-туыс десе, еміреніп тұратындығы еді. Туысқа жәрдемдесіп қарайласу, шамасы келсе барын беру, қысылғанға қол ұшын созу үлкен адамгершіліктен туса керек. Міне, менің әкем осындай мақтан тұтарлық жан болған. Тағы бір айтпай кетуге болмайтын сөз келіп тұр. Әкем қолы ашық, жаны жомарт, пейілі кең кісі еді. Бізге де «қолдарыңнан келгенше көмек жасаңдар», – дейтін.

Тағы айтатыным, әкеміз көзін еңбекпен ашқан жан еді. Балалық шақтан тіпті жасы келіп зейнеткер болғанымен, соғыста алған «контуззия», аяғына тиген снарядтың жарықшағына қарамастан, еңбек етуден шаршамады. Сол еңбекқорлықты бізге үйретіп кетті.

Үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеуді білген адам, сөзбен айтпаса да өзінің біліктілігімен, үлгісімен ұстаз бола білді. Осындай және тағы басқа жақсылықтарын естеліктерден оқисыздар.

Менің әке рухына қоятын ескерткішім — ол жайлы ақ қағазға түсірген ойларым, толғаныстарым, естеліктерім.

Сара Ғалиқызы

---

## ТҮЙІН

“Ұрпақтарға ғибрат” атты жинақ үлкен тарихи жүкті көтеріп тұр. Кітаптың басты ерекшелігі: балалық жүрегімізде әкеміздің есімі алтын әріппен жазылғаны!

Еңбегі елеулі ардагер, іскер басшы, елге сыйлы ұстаз, қамқор әке, балаларының мақтанышы!

Ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз. 50 жылдан астам қажымай-талмай, мыңдаған жастарды тәрбиелеп шығарған, өмірге жолдама берген ұлағатты ұстаз!

«Армансыз адам жоқ» дейді.

Қайтар алдында анамызға: “Өмір шынымен шолақ екен”, — депті.

Кім білсін қандай арманың алып кеткенін!?

Әкеміздің армандары көп болғаны мәлім, бәлкім, бір жаста қалған Ғалымжан немересінің өсіп-жетілгенін көргісі келген болар.

Бұл ғаламда мәңгі жасайтын кім бар? Ешкім де жоқ. Дүниеде не қалады? “Жақсының аты, жазып кеткен хаты қалады”. Әкеміз қайтыс болғалы биыл 34 жыл. Осы кітапты дүниеге келтірген де сол жылдар бойғы сағыныштың күші болар.

Әкеміздің өмірі бірнеше кезеңге бөлінеді, сондықтан бұл кітаптің жазылған формасы да ерекше. Құрастырған адамның және естелік айтушылардың әңгімелері кезектеседі.





## ҚҰРМЕТІМ ШЕКСІЗ

Осы кітапты жазып-құрастыруға көмек көрсеткен, әкеммен 1939-1941 жж. бірге жұмыс істеген, кейіннен «Сарыарқа самалы» облыстық газетінің тілшісі болған жазушы Ханафия Асқаров атаға және еске алып жазған туыстарына, әріптестеріне, оқушыларына зор алғысымды білдіремін. Өздеріңізге мықты денсаулық, байқуатты ғұмыр тілеймін.

*Сара Ғалиқызы*

## МАЗМҰНЫ

Жұлдызы жарық жан әке. Алғысөз. ....	3
Сыр тарқатсын шежіре... ..	4
Ардақты ағамыз Ғалекең туралы естелік . . . . .	8
Жақсылық қалар жүректе. ....	10
Ердің сәні – білім . . . . .	11
Живы традиции. ....	16
Елдің бәрі жақсы, – өз елі бәрінен де жақсы. ....	20
Еңбек – адамның көркі, адам – заманның көркі . . . . .	29
1943–1952 жылдардағы	
ұстаздар қауымына естелігім. ....	32
«Рассвет» ауылында. ....	40
Мақтан тұтан асқарым. ....	51
Әкем Сәкенді пір тұтқан . . . . .	52
Мектеп өмірінен естеліктер . . . . .	53
Өмірі жастарға үлгі ұстаз . . . . .	56
Жақсы ұстаздың пайдасы мәңгілік . . . . .	57
Ғали Мұхамедиев ағама естелік . . . . .	59
Өмір тәжірибесінен туындаған ойлар . . . . .	64
Өнегелі ғұмыры – шәкірттеріне қай кезде де үлгі . . . . .	66
Асыл анашым. ....	70
Құнды заттар . . . . .	79
“ПОЛЕВАЯ СУМКА” . . . . .	80
Әкемнің қойын кітапшасы . . . . .	81
Қойын кітапшадағы жазбалардан: . . . . .	82
Сағат . . . . .	83
Әке туралы сыр. . . . .	92
Түйін . . . . .	93
Құрметім шексіз . . . . .	94



---

Құрастырып жазған  
Мухамедиева Сара Ғалиқызы

Компьютерге беттеген:  
Айтжанов Сағынтай  
Смагулов Дамир

02.04.2018 ж. басуға қол қойылды.  
Цифрлік басылым.  
Қаріп түрі KZ Times.

Таралымы 10 дана.  
«PrimaLux» баспаханасында басылған.  
141200, Павлодар обл., Екібастұз қ.  
М.Ауэзова к., 15, 309 каб.,  
Тел: +7 (7187) 75 50 32